Мысалы: иммунды қан сарысуының КГАР арқылы анықталған ең жоғарғы титрі 1:3200 болса, оны 4есе азайтқанда жұмыс титрі 1:800 болып саналады.

Жүргізілген зерттеу нәтижелерінде кеңсірік бөгелегінің балаң құртының антигені 6 бас қойлардың 4401,4402,4404,4406,4414,4416 номерлі қан сарысуларынан анықталды. АдБР нәтижелері мен лабораториялық көрсеткіштер бір-біріне сәйкес келіп, толықтырғаны байқалды.

Қорыта айтқанда, кеңсірік бөгелегінің балаң құртының антигендерін АдБР-сымен анықтау тиімді екендігін көрсетті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Халила Ә.Н. Паразитология. Алматы, 2012
2. Леви М.И. Общие закономерности и классификация серологических реакций. Микробиология, 1967. – № 7. – с.104
3. Халилаев А.Н. Малдың паразит ауруларын иммунологиялық әдістермен анықтаудың биологиялық негізі. Автореф. докт. дисс. – А., 1997
4. Сайдуллин Т. Основы серологии. – А., 1992

ХАЛИЛА Ә.Н., БЕРДИБЕКОВА А.Т., АДИБЕКОВА А.Н. ОПРЕДЕЛЕНИЕ АНТИГЕНОВ СЫВОРАТКИ ОВОД ИММУНОЛОГИЧЕСКИМ МЕТОДОМ.

В статье приведены результаты определения антигены оводов иммунологическими методами в сыворотке крови животных.

Ключевые слова: овод, эстроз, антиген, диагностикум, гемагглютинация, иммунология.

KHALILA A.N., BERDIBEKOVA A.T., ADILBEKOVA A.N. DETERMINATION OF ANTIGENS SЫВОРАТКИ GAD-FLY BY AN IMMUNOLOGICAL METHOD

In the article the results of definition of estrogeic hormones by immunologic methods in whey of blood of in-calf animals are involved.

Keywords: gadfly, Estrosi, antigen diagnosticum hemagglutination, immunology.

**ТАРИХ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ПӘНДЕР. ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ
ЭКОНОМИКА**

УДК 94 (574) 63.12.01

**ӨЛКЕТАНУ ПӘНІНДЕ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ
ҚОЛДАНА ОТЫРЫП «ТУҒАН АУЫЛ ТАРИХЫ» АТТЫ СЕМИНАР
САБАҒЫН ЖҮРГІЗУ**

АЙТАЙ Б.С., БАЙШУАҚОВА А.Д.

Отан тарихын үйрену туган ауыл тарихын үйренуден бастау алуы тиіс. Интербелсенді әдістерді қолдана отырып, студенттерді өлке құрған қайраткерлерді зерттеуге, білуге баулу маңызды патриоттық шара болып саналады. Адамның өз жерінде еңбек етуі, өмір сүру мен бейімделу әрекеттерін зерттеу ісінің ғылыми жағынан қажеттілігі аңғарылады.

Кілт сөздер: өлке, өлкетану, туган ауыл тарихы, интербелсенді әдіс.

Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа Жолдауының жетінші тарауының бесінші бөлімінде «Біз ұлттық тарих сананы қалыптастыру жұмысын жалғастыруымыз керек» [1] деп атап көрсетті. Иә, тарихты үйрену туган өлкенің арғы-бергі тарихын үйренуден бастау алу қажет. Туган өлке тарихын үйрену – уақыт талабы.

«Өлкетану – кашаннан өлке құру жұмысының бір саласы, сондықтан ол шынында ертедегі мәдениет тарихында жуан орын тепкен жұмыстың бір саласы. Жерінің құйқасы, жәндіктері, өсімдігі, тұрғын халқы, кен байлықтары, жер-судың өзге жағдайлары жайынан жазылған талай адамдардың еңбектері бар»,– деп жазып еді заңғар жазушымыз М.Әуезов.

Жаһандану үрдісі Қазақстанның жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдаятында әлем назарын өзіне аударып отыр. Еліміз өзін ашық қоғам ретінде танытуы шетелдік зерттеушілердің зерттеу объектісіне айналдырды. Өңірдің табиғатына, халқының тұрмысы мен мұражайына қызығушылық жыл сайын артып келеді. Ақпараттық технологиялардың дамуы ел табиғаты, мәдениеті және халқының тарихы туралы халықаралық сипатта әрқилы ақпараттардың таралуына себеп етуде.

Өлкетануды методологиялық жағынан қарастырғанда, оны әлеуметтік мәдени феномен ретінде қарастыруымыз қажет. Ғылыми пәндердің жиынтығы бола отырып, бұл пән адамның өзі жерінде еңбек етуі, өмір сүру мен бейімделу әрекеттерін зерттейді[2]. Адамның табиғатпен қатынасы, үйлесуі қоныстану тарихы секілді тарихи-мәдени құбылыстарды көрсетеді. Өлке туралы шетелдік саяхатшылар, жиһангездер және зерттеуші-

ғалымдардың қалдырған жазбалары, естеліктері маңызды. Өлкетанулық білім оқушылар мен студенттерді этно-мәдени және туған табиғатын үйренуге баулиды.

Өлкетану әдеби білім берудің де негізгі компоненті. Ұлттық тарихтың бір саласы. Өлкетануды мектеп бағдарламасының бір бөлігі ретінде қарастырылуы тиіс. Олар туған өлкесі туралы өлең-жырлар, көркем әдебиеттер, тарихи аңыз-жырлармен танысады. 6 мен 9-сыныптарда факультативтік өлкетану сабақтарын жүргізу тиіс. Өлкетану картасы жасалады. Өлкетану: балалар өлкетануы, жасөспірімдер өлкетануы, тарихи өлкетану болып ажыратылады. Мектептегі өлкетану – тарихи білім берудің компоненті. Өлкетану мектеп мұражайының болуы тарихи сана мен тарихи жадыны дамытады.

Балалар мен жасөспірімдер туризмі де кенжелеп қалған сала. Бұл – өлкетануды дамытудың бір бағыты.

Өлкетану кітапханасы да өз алдына қызықты сала. Өлкетануға қатысты әдебиеттерді соңғы жылдары аудан мен қала әкімдері көптеп шығарды. Аудан, қала тарихына қатысты сан-алуан әдебиеттер қоры пайда болды. Оларды өлкетану кітапханасында сақтау маңызды.

Студенттің өзіндік жұмыс ретінде «Өз өлкеңнің тарихын біл» атты тақырыппен студенттерге тапсырма беріліп келеді. Өз аулының тарихын, табиғатын зерттеу арқылы олардың өлкетануға деген қызығушылығы туады. Ауыл-аймақтарда төбелер мен тарихи оқиғалар болған тарихи жерлер көп екендігіне көз жеткізді. Ауылдың арғы-бергі тарихындағы ауыл мен аумақ көлеміндегі белгілі тұлғалар туралы аңыз-әңгімелерді жинақтайды.

Тарих ғылымының дамуына өлкетанушылардың тигізері пайдасы зор. Олар тарихи орындар мен оқиғалардың ел аузынан білуге септігін тигізеді. Мысалы, Кенесары ханның баласы Ахмет Шымкент уезі бастығының кіші көмекшісі болып жүргенде, өз ағайындарын Арыс өзенінің бойындағы бүгінде Ордабасы ауданына қарасты Төреарық деп аталатын ауылға әкеліп қоныстандырды. Зираттары да сол жерде. Ал ағасы Сыздықтың қабірі қайда екендігі жөнінде бірнеше болжамдар бар. Солардың ішіндегі көкейге қонатыны – Созақтағы Баба Ата бейітінің маңына жерленгендігі туралы жергілікті адамдардың айтқаны.

Оңтүстік өңірде тарихи жер-су атаулары өте көп, солардың бірі – Ханқорған төбесі. Тарихқа бай төбе болғандығына барып өз көзіңізбен көргеннен кейін-ақ көз жеткізуге болады. Сайрамдағы Ханқорған төбесі – археологтар мен этнографтардың зерттеуін күтіп отырған тарихи орын. Ол төбе Арыс, Машат, Ақсу өзендерінің арасында орналасқан. Жалпы төбелердің басым бөлігі жібек жолында сауда-саттық қызған дәуірде қолдан тұрғызылған. Арыс мәдениетінің Қарауылтөбе кезеңі (б.з. б. IV ғ.-I ғ.), Қаратөбе кезеңі (б.з.б I ғ.-б.з. VI ғ.), Алтынтөбе кезеңі (б.з. IV ғ.-VI ғ.)

депбөлінетіндігін археолог-ғалым А.Н.Подушкин өз еңбегінде жан-жақты көрсеткен[3]. Ғалымның айтуынша, «Хан-қорған» Арыс мәдениетінен кейінгі кезеңдегі Қарахандар мемлекеті дәуірінде (942-1213 жж.) тұрғызылған. Қорғаннан Қарахандар дәуірінің керамикалық бұйымдары табылған және қамал қорғанының ертедегі құрылыс нысаны болғанын көрсетеді. Қорған қабырғасының қабаты үсті-үстіне қабат-қабат салынған. VIII-XII ғасырларда пайда болған. Биіктігі 8-12 метрді құрайды. Көлемі 2-2,5 гектарды алып жатыр. Қорған қаланың цитаделі – орталық бөлігі саналады. Цитадельдің төңірегінде көптеген рабадтар болған екен[4].

Білім жүйесінің студентцентристік парадигмасын қалыптастыру– бүгінгі уақыт талабы[5]. Ол дегеніңіз– студентті білім жүйесінің басты тұлғасына айналдыру. Оларды топтық зерттеуге баулу. Оқытушы рөлін «үйретушіден» «ұйымдастырушыға» ауыстыру, студенттердің мобильдігін кеңейту. Шағын топтық негізде немесе жұптық жұмыстар үйренушілерде бірлік, бірегейлік – корпоративтік сезімдер қалыптастырып, сол арқылы өздерінің ұжымға тікелей қатысы бар екендігін аңғартады.

А.Маслоудың идеялары негізінде Н.Сандерстің кестесі бойынша аудио-және видео құралдарды қолдану арқылы жүргізілген дәрістің 24 сағаттың ішінде 15 пайызы, жобалар, кестелер, басқа да көрнекіліктер пайдалану арқылы жүргізілген дәрістің 30 пайызы, практикалық іс-әрекеттер арқылы жүрген дәрістің 75 пайызы есте қалады екен[6]. Осылайша дәріс семестрлік жоба арқылы жүргізіледі. Бүгінде оқытудың осы әдіс-тәсілдерді Назарбаев зияткерлік мектебі мен Кембридж университетінің оқытушылары қолдануда. Берілген тақырып бойынша төрт топ спикерлеріне статистикалық мәліметтерді жинақтау, талдау және семинар сабақта презентация дайындау, өз ата тегі (руы) туралы ақпарат жинақтау, мақала дайындау жұмысы тапсырылады. Ол жұмыс ақпарат көздерімен (БАҚ, ғылыми әдебиет, зерттеулер, Интернет, т.б.), өздігінен және студенттердің шағын тобы құрамында жұмыс жасалады. Берілген тақырып бойынша интервью алу, слайд дайындау тапсырылады.

Өлкетану пәні бойынша 2-курс студенттері тапсырма – Жобаны семестрдің 3-5-апта кезінде алады. Ол үш кезеңнен тұратындығын атап өткен орынды. Бірінші кезең «Қызығушылықты ояту» деп аталады. Бұл 3-5-аптада жүруі тиіс. Бұл кезеңде тақырып бойынша өз мақсаттарын айқындайды. Тақырып бойынша өз ауылдарына тікелей қатысы бар нақты тарихи жәйттерді анықтайды. «Не білемін?», «Не білгім келеді?», «Ауылымның тарихының маған берер пайдасы қандай болмақ?» секілді сұрақтарға жауап іздейді. Екінші кезең «Білім құрастыру» деп аталады. Бұл кезең оқу үрдісінің 6-8 апталарында көрсетіледі. Жаңа білімді іздену мен зерттеу кезеңі делінеді. Мұнда зерттеу әдістері қарастырылады. Оқытушы студенттерге білім алудың белсенді тәсілдерін ұсынады, студенттердің

өздігінен жаңа мәліметті жан-жақты қарастырып, зерттеп, игеруіне қажетті жағдайлар жасайды. Ал студенттер жекелей, жұппен, топпен жаңа ақпаратпен танысады, мәлімет бойынша пікір алмасады, ой жарыстырады, талқыға салады. Қандай тәсілдерді қолданған тиімді?», «Бұл мәлімет туралы менің ойым/түсінігім/қатысым қандай?» деген сұрақтарға жауап беруге ізденеді.

Үшінші «Ой-толғаныс», яғни қорытынды кезеңі 9-14 аптада жүреді. Бұл мерзім демонстрациялық бөлім деп аталады. Дәрістің дайындау кезеңінде шағын топ ішінде студенттер жазғандарымен бөлісіп, талқылау ұйымдастырады, өз ойларын толықтырады. Студенттер шағын топ ішінде өз жұмысы жайлы әңгімелеп немесе жұмыстарын бір-біріне оқып беріп, білгені мен үйренгенін ортаға салады, өзара пікір алмасады (6-10 минут). Топтық талқылау нәтижесінде олар ауыл тарихынан бәріне де ортақ, жалпылама бір жобаға тоқталуы керек. Жариялау кезеңінде кезекпен әрбір топтан бір студент (шешен, спикер) топ жұмысының нәтижесін ауызша жария жасайды. Интервью, жазба жұмыстарын өткізеді. Слайд немесе презентация, мақалаларын таныстырады. Компьютерді қолданады. Бұл жұмысқа уақыт көбірек беріледі (шамамен 5-7 минуттай). Қорытындылау сәтінде оқытушы шағын топтардың жұмысының нәтижелерін плакатқа жазады. Бағалайды (7-10 минут). Бұл шешуші сәт үйренгенді айқындау және бағалау, проблема бойынша шешім қабылдау кезеңі болып табылады. Бұл кезеңде оқытушы, студенттердің жаңа мағлұмат бойынша ойланып, ол жөнінде өзара пікір алмасу мен талқылауды ұйымдастырады. Студенттер, осы сабақта білгендері мен үйренгенін тұжырымдайды, олардың қолданысы туралы ойланады, пікірлеседі. «Не білдім/үйрендім?», «Бұл білім маған не үшін керек?», «Бұл білімнің қолданысы қандай?», «Бұл білімді ары қарай қалай дамытамын/жалғастырамын?», «Тағы да не білгім келеді?» деген сұрақтарға жауап береді. Не нәрсеге үйренгендігі және қалайша жұмыс жасағандығы туралы есеп береді.

Топ жұмысын бағалау критерийлері мынадай бөліктерден тұрады: Идеяларды ұсыну, жолдастарын топ жұмысына жұмылдыру, идеялардың дербестігі, сұрақ қою, сұрақ-жауап беру, белсенді түрде тыңдау. Бұл көрсеткіштердің әрқайсысы 5 балдық жүйемен бағаланады.

Тұлғааралық қарым-қатынас мақсаттарын айқындайтын мына етістіктерді студенттерге түсіндіреміз. Олар – сөйлесу, әрекеттесу, әдеп, қолдау. Сөйлесу етістігін - сөйлесуді бастау, сұрақ қою, жауап беру, пікір келтіру, ойды білдіру, тыңдау, келіспеу деп түсіндіреміз. Ары қарай, әрекеттесу етістігі – ынтымақтасу, қосылу, шақыру, қатысу, ұсыну, бірлесу, кеңесу, ортаға салу. Әдепті ғафу өтіну, кешірім сұрау, кешіру, ризашылық білдіру (рахмет айту), сыйласымдық арқылы білдіреді. Қолдауды көмектесу, жәрдем беру, күлімсіреу (езу тарту), мақтау, қолпаштау, қол шапалақтау

арқылы жеткізеді. Осындай әрекеттерді олардың бойына біртіндеп сіңіріп отырамыз.

Әрбір студент келесі үлгіде кесте толтырады:

Білемін	Білгім келеді	Үйрендім
Туған жерім, тегім	жеті атам	қарабатыр ұрпағымын
Тарихи орындары	Мыңшейіт	шейіттер
Географиясы мен табиғаты	таулы аумақ	тарихи сыр шерткен өңір
Демографиясы және белгілі тұлғалары	Мырзахметовтер отбасы	Облыс әкімі А.Мырзахметов
Шаруашылығы	өндіріс орындары	Мал, сүт өнімдері

Интервью берген адамның аты-жөні

Сұрақтар

жауаптар

- * Ауыл қашан құрылғанын білесіз бе?
- * Ауылды құрған тұлғаларды білесіз бе?
- * Оған қандай дәлелдер келтіресіз?

Қорыта айтқанда, студенттерге интервью алу әдісін қолдану арқылы ақпарат алу білуге дағдылануын қалыптастыруға болады. Сонымен қатар, ғылыми экспедиция ұйымдастыру және күнделік жазу, жеке адамдық қорларды іздеу, мұрағаттарда, мұражайларда жұмыс істеу тәсілдерін үйретудің маңызы зор. Өлке құрған, ауыл құрған кісілерді және аудандық, ауыл деңгейіндегі қайраткер тұлғаларды зерттеу ісін жүргізуден өлкетанушылық білім қалыптасады. Көшелер мен жер-су аттары түбірінен өзгерді және мүсін-ескерткіштер көптеп қойылуда, олардың тарихын білу, дәріптеу ісі – кенже қалып отырған шара.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н. «Қазақстан 2050 – қалыптасқан мемлекеттің даму стратегиясы. 2012
2. Шмидт С.О. «Золотые десятилетия» советского краеведение // Отечество: альм. М., 1990. – Вып.1. – С.11-27
3. Подушкин А.Н. Арыская культура Южного Казахстана. IV- до н.э.-VI в.н.э. Изд центр МКТУ им Х.А.Яссави–Туркестан. 2000.– 200 С.

4. Айтаев Б. Ханқорған. // Оңтүстік Қазақстан газеті. Мақала – 2011, 3 наурыз
5. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. – Алматы. 2009. – 263 бет.
6. Айзенк Г.Дж. Узнай свой собственный коэффициент интеллекта. – М.: «Айкью», 1996. – 160 с.

АЙТАЙ Б.С., БАЙШУАКОВА А.Д. ПРИМЕНЕНИЕ ИНТЕРАКТИВНЫХ МЕТОДОВ В ИЗУЧЕНИИ ИСТОРИИ РОДНОГО АУЛА НА СЕМИНАРСКИХ ЗАНЯТИЯХ ПО ПРЕДМЕТУ «ИСТОРИЧЕСКОЕ КРАЕВЕДЕНИЕ»

В данной статье рассматриваются вопросы проведения занятий по историческому краеведению на основе интерактивных методов, проведены анализы проблем на тему «История родного края».

Ключевые слова: край, краеведение, история родного аула, интерактивные методы.

AITAIB.S., BAYSHUAKOVA A.D. SOME KAZAKHSTAN STATE PEDAGOGICAL INSTITUTE HEAD-TEACHER OF KAZAKHSTAN AND WORLD HISTORY DEPARTMENT

This article deals with the local study lessons and used interactive methods of teaching. Also was shown seminar lesson on the theme «History of my native Land» And new methods of teaching was discussed.

Keywords: region, region of studies, the history of native town, interactive method.

УДК 516.65. (574).

НАУЧНОЕ НАСЛЕДИЕ ВАЛИХАНОВЫХ

АЙТИМБАЕВ А.Т., АЙТИМБАЕВ М.Т.

В статье рассматривается культурное наследие казахского народа. Также приводятся труды Ч.Валиханова, которые оказали огромное влияние на всю последующую историю изучения культуры и быта казахов.

Ключевые слова: наследие, культура, этнография, выставка, обычаи, история, родословие.

В 40-50-ые гг. XIX века среди казахов появляются и начинают свою деятельность первые по-европейски образованные люди, стремившиеся активно служить своему народу. Как отмечал в своем докладе известный историограф Б.В. Лунин: «Богатейший запас знаний содержат труды таких знатоков жизни и быта казахского народа, писавших в середине и во второй половине XIX – начале XX веков как... Ибрай Алтынсарин, Абай Кунанбаев, А.А. Диваев и многих других... Этнографические наблюдения входили и в круг научных интересов выдающегося казахского ученого и просветителя

Чокана Валиханова» [1]. Среди казахов, внесших значительный вклад в развитие этнографии казахского народа следует отметить такие фигуры, как Жакуп Акпаев, Бахтыгирей Кулманов, М. Чорманов, Ч. Валиханов, С. Бабаджанов, М. Бекмухамедов, А. Джантурин, С. А. Джантурин, Ш. М. Ибрагимов, А. Ниязов, Т. А. Сейдалин, М. Сердалин, и т. д.

Среди этих славных имен особое место принадлежит Чингису Валиевичу Валиханову. «Чингис Валиханов, старший султан Аман-Карагайского округа, был человек образованный, хорошо знакомый с восточной и русской культурой» [2, с.30]. Он закончил Азиатскую школу переводчиков при училище Сибирского линейного войска, всю жизнь работал над самообразованием. В разное время он руководил Кушмурунским и Кокчетавским округами, несколько лет прослужил советником в Омском областном правлении сибирских киргизов [3].

В 30-ые гг. XIX в. пограничный начальник Области сибирских киргизов полковник М. В. Ладыженский отдал приказ одному из своих офицеров – майору Ч. Валиханову собирать регулярно и тщательно казахский народный фольклор: песни, сказки, пословицы, поговорки, предания, камни и степные развалины со старинными надписями, связанные с ними легенды и т. д. И тот аккуратно выполнял приказание, при чем не только из воинской дисциплины, но и по долгу чести, совести и национального патриотизма. У него был свой «Сундук песен», куда он складывал собранные рукописи [2, с.28-29].

В 1850 г. подполковник Ч. Валиханов доставил для РГО, которое начало создавать этнографическую коллекцию костюмов народов России, полный казахский мужской костюм: бархатная тюбетейка, выложенная мехом выдры и позументом; шапка лисьего меха с синей канфой; чамбары (шаровары) из красного сукна, расшитые шёлком; яркак (казахский национальный тулуп) из козлиных шкур на ситцевой подкладке, обложенный бархатом и мехом выдры; калта (охотничий пояс) в серебряной оправе; сапоги. К костюму прилагались также нож в серебряных ножнах; огниво, оправленное серебром; пороховница в серебряной оправе [4, с.21].

В 1865 г. Ч. Валиханов передал в Музей РГО, не имеющую цены историческую семейную реликвию – кольчугу и шлем своего великого отца – хана Вали. Он также подарил Румянцевскому музею в Москве белую султанскую юрту, о которой в документе под названием «Реестр вещам, отправленным в Москву на этнографическую выставку» сказано следующее: «О семи комнатах с чием при керегах, принадлежащими кошмами и прочими украшениями, долженствующими быть по киргизскому обычаю как-то: кровать, при ней двумя тикеметами, двумя коврами, двумя одеялами, двумя занавесами, двумя подушками, одна кошма на пол и покрывало, корзин двухсторонний мешок» [5, с.75].

Выйдя в отставку, Ч.Валиханов ещё более увлёкся изучением этнографии казахского народа. Он сыграл важную роль в организации выставки на конгрессе ориенталистов в 1876 г. Он сам лично, а также его сыновья Макажан и Жакуп предложили для данной выставки дорогие предметы. Ч.Валиханов лично послал на выставку расшитый аракин (такию – авторы), малахай из меха лисицы, саблю с португеей, лук и колчан со стрелами, оправленную черным железом плеть, ножик, кушак из золотой парчи на зеленой подкладке. Всего кокчетавский уездный начальник получил к отправке на выставку 41 предмет, в т.ч. 17 предметов от семьи Валиханова, которые были оценены в 525 рублей. Кроме того, Валиханов-старший отправил в Санкт-Петербург, на выставку к Конгрессу ориенталистов казахский кожаный колчан в золотой и серебряной оправе со ставками из жемчуга (маржан-тас – авторы), с пятью стрелами и кожаным поясом с серебряной оправой, а также түскиіз (войлочный ковер – авторы) с ситцевой подкладкой, с аппликациями из красного сукна и голубой материи [5,с. 86-87].

Ещё больший вклад в развитии истории и этнографии казахского народа внес знаменитый сын Чингиса Валиевича Валиханова и племянник Мусы Чорманова – Чокан Чингисович Валиханов. «Автор блестящих «Очерков Джунгарии», исследователь народной поэзии и культуры казахов, киргизов, узбеков, туркмен, уйгуров и каракалпаков, знаток истории народов Средней Азии и неутомимый путешественник, Чокан внес огромный вклад в науку по изучению жизни племен, населявших территорию от Урала, Тарбагатай, Семиречья до Каспийского моря, до киргизских гор, до кульдзинских степей и кашгарских долин» [6,с.7]– так охарактеризовал роль Чокана Валиханова выдающийся казахский писатель А.Алимжанов.

Ещё более яркую характеристику феномену Валиханова дал российский востоковед Н.И. Веселовский: «Как блестящий метеор промелькнул над нивой востоковедения потомок казахских ханов и в то же время офицер русской армии Чокан Чингисович Валиханов. Русские ориенталисты единогласно признали в лице его феноменальное явление и ожидали от него великих и важных откровений о судьбе тюркских народов... то, что успел сделать Ч. Валиханов за свою короткую жизнь вызывает преклонение перед необыкновенными способностями, жаждой знаний, широтой охвата и глубиной анализа научных проблем. Он обогатил науку ценными исследованиями по истории, этнографии, культуре, экономике и физической географии народов Центральной Азии» [7,с.79].

В 1857-1858 гг. Ч.Ч.Валиханов совершил интересную поездку. Он проехал под видом купца с торговым караваном. Путь каравана лежал из Алма-Ата мимо Иссык-Куля через перевал Зауку на Чатыркуль в Кашгар и обратно. Добытые материалы этнографического и общегеографического

характера обработаны самим Валихановым, который оставил весьма ценные работы, собранные же им в пути геологические коллекции, к сожалению, были утрачены еще до обработки [8,с.26].

В послужном списке Валиханова отмечено, что он «потомственный султан киргиз-кайсаков», магометанского вероисповедания, закончил Сибирский кадетский корпус, выпущен корнетом в кавалерию в 1859 г., в 1861 г. – поручик, служил в Сибирском корпусе, Сибирском казачьем войске, Алатавском окружном управлении киргизов Большой орды [9, с.14-16].

Выдающийся востоковед П.П.Семенов-Тянь-Шанский называл Валиханова «замечательным эрудитом по истории Востока и в особенности народов, соплеменных киргизам». Преимущественно этнографический характер носят такие известные работы Ч.Ч.Валиханова как «Предания и легенды Большой киргиз-кайсацкой орды», «Заметки по истории южносибирских племен», «Киргизское родословие», «Следы шаманства у киргизов», «Образец причитаний», «Вооружение киргиз в древние времена и их военные доспехи», «О кочевках киргиз», «О мусульманстве в степи». Ч.Ч.Валиханов неоднократно вступался за честь и достоинство родного народа, утверждая, что казахский этнос «не в такой степени дик и груб, как думают о нем большинство русских» [10,с.154]. Он утверждал также: «Говоря серьезно, киргизский народ принадлежит к числу наиболее миролюбивых и, следовательно, к числу наименее диких инородцев русского царства». Но при этом он понимал уровень культуры своего народа: «Как это ни печально, однако приходится признать: покамест мы – казахи, киргизы – народы вневременные. Письменной литературы у нас нет. Прошлое наше запечатлено в легендах, песнях, дастанах. Поэтому единственный путь к собиранию, сохранению нашей улетучившейся истории – это этнография и изучение фольклора» [2,с.75].

Он также неоднократно выступал против примитивного, ненаучного отождествления двух этносов: казахов (которых называли киргизами, киргиз-кайсаками, кайсаками, казаками и т.д.) и собственно киргизов (которых в тот же исторический период именовали каракиргизами, дикокаменными киргизами, бурутами и т.д.). Валиханов писал об этом в 1862 г.: «Не должно смешивать эти два совершенно различных народа. Об этом заботились в свое время гг. Левшин, Мейндорф и особенно горячо отец Иакинф, но до сих пор им никто не внимал. Слова их были гласом вопиющего в пустыне, даже Гумбольдт и Риттер не могли понять хорошо в чем дело: они думали, что буруты именно составляют Большую кайсацкую орду и что эту-то орду нужно отличать от Малой и Средней. Но это было большой ошибкой со стороны почтенных корифеев науки» [2,с.78].

Валиханов проделывал неустанную и кропотливую исследовательскую работу: ему приходилось «сопоставлять и собирать воедино факты из трудов

европейских и русских ученых с документами, хранящимися в Омском архиве, с ханскими ярлыками, с повествованиями восточных писателей, с казахскими преданиями и казахской литературой» [4, с.171].

Как отмечал друг и соратник Валиханова Г.Н. Потанин: «Чокан все более и более углублялся в историю Востока; какие-то загадочные отношения казахского племени к этой истории, среди которого являлись имена древних народов – усуней, киреев, найманов – в качестве имен поколений, заставляли его задумываться и, может быть, мечтать сделать разоблачения в древней истории Востока посредством данных, которые представляют народные предания и остатки старины казахского народа». [2, с.127].

Ч.Ч.Валиханов «понимал, как важно именно сейчас начинать оспаривать теории развития человеческого общества и мировой культуры, сконцентрированные только на Европе и полностью игнорирующие Восток. Ведь эти теории становятся оправданием европейских колонизаторов» [4, с.200]. Ещё во время обучения в кадетском корпусе, сталкиваясь со случаями неприязненного, шовинистического, высокомерного отношения к себе как к представителю «азиатского» этноса, Чокан всегда был горд и непреклонен, как и подобало потомку знатного рода: «Принадлежность к той или другой народности никогда и никому ещё не служила в поношение – так, по крайней мере, считают умы просвещённые. А вот пустая болтливость ничуть не украшает. Прежде чем произнести слово, рекомендую вам справиться у сведущих людей, что оно обозначает. Мой народ называется – киргиз-кайсаки, или казахи. Знаете ли вы про него что-нибудь? Конечно, нет... Так что рекомендую вам не болтать попусту языком, не то изотрете его до времени» [2, с.178].

Неоднократно задумывался Чокан Валиханов и о наличии у казахов древнего искусства: «Если у киргизов есть свое художество, архитектура, то нет сомнения, есть архитектура монументальная, архитектура могил. По всей степи разбросаны остатки могил, сделанные прочно из выжженного и покрытого глазурью кирпича. Могилы эти заставляют думать по своей архитектурной замечательности, что в степях их был народ оседлый, знакомый в известном роде с искусством» [2, с.187].

Говоря о родоплеменной структуре казахского общества, Ч.Ч. Валиханов отмечал, что причины образования многих родов были зачастую политическими. Но при этом сами казахи «названия своих родов объясняют именами родоначальников, предков», так что «каждое племя присоединившихся принимается за нечто неделимое», со временем «принимает значение генеалогическое» [11, с.205].

Социальное значение родословных («шежире»), функционально направленных на интерпретацию существующей системы родовой

организации казахского народа, впервые выявляется в исследовательской статье Ч.Ч.Валиханова «Казахское родословие». Как отмечал Ч.Валиханов, порядок разделения, обуславливает собой право старейшинства и силу племени, что и выражается правом физического первородства предка, имеет большое значение в родовом праве и принимается совершенно в генеалогическом смысле [11,с.207]. По мнению Ч.Валиханова, казахи были народом «диким» и «невежественным», подобны детям, которые нуждаются во внимании и воспитании. Единственный путь для них – усвоение «европейского, общечеловеческого просвещения», возможно, даже усвоение христианства. Однако необходимые реформы должны учитывать «условия племенного организма, среды, климата и почвы», основываться на «неизбежных законах прогресса», а не насилии [12,с.318].

Таким образом, следует отметить, что его труды оказали огромное влияние на всю последующую историю изучения культуры и быта казахов.

ЛИТЕРАТУРА

1. ЦГА РУз. Ф. 2868 (Личный фонд Б.В. Лунина). Оп. 1. –Д.2.– Л.106.
2. Бегалин С. Чокан Валиханов. – М., 1976. – С. 30.
3. ЦГА РК. Ф. 374. Оп. 1.– Д. 4163. –Л. 1.
4. Стрелкова И.И. Валиханов. – М.:Молодая гвардия, 1983. - С. 21.
5. Малышева М.П., Познанский В.С. Казахский этнограф Чингис Валиханов // Советская этнография.- М., 1991. – № 5. – С. 75.
6. Алимжанов А. О герое этой книге и её авторе // Предисловие к книге: С. Бегалин. Ч.Ч. Валиханов. – М., 1976. С.7.
7. Веселовский Н.И. Воспоминания о Ч.Ч. Валиханове// Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. - В 5-ти тт. - Алма-Ата, 1984. – Т.1. – С. 79.
8. Бессонов А.И., Давыдов Л.К., Мошкин М.Т. Джетысу. Естественно-историческое описание края. – Ташкент., 1925. – С. 26.
9. ЦГА РК. Ф. 3. Оп. 1. Д. 234. Л. 14-16.
10. Валиханов Ч.Ч. Соч. – СПб., 1904. –С. 154.
11. Валиханов Ч.Ч. Киргизское родословие / Собр. соч. – В пяти томах. – Алма-Ата, 1961. – Т.1. – С. 205.
12. Валиханов Ч. Записка о судебной реформе / Валиханов Ч. Собр. соч. –Т. 4. – Алма-Ата, 1985.– С. 318.

АЙТИМБАЕВ А.Т, АЙТИМБАЕВ М.ТУӘЛИХАНОВТАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ

Мақалада қазақ халқының мәдени мұрасы қарастырылған. Сонымен қатар қазақ халқының мәдениеті мен тұрмысын зерттеуге зор үлес қосқан Ш.Уәлихановтың еңбектері берілген.

Кілт сөздер: мұра, мәдениет, этнография, көрме, дәстүр, тарих, шежіре.

AYTIMBAEV A.T., AYTIMBAYEV M.T SCIENTIFIC HERITAGE OF VALIKHANOV'S

In article the cultural heritage of the Kazakh people is considered. Also it is given Valikhanov's works which had huge impact on all subsequent history of studying of culture and life of Kazakhs.

Keywords: *heritage, culture, ethnography, exhibition, customs, history, rodoslovy.*

ӘОЖ 16(48)+84

АДАМ БОЛМЫСЫНДАҒЫ ҚОРҚЫНЫШТЫҢ МӘНІСІ

АРЫНҒАЗИЕВА Б.Б.

Мақалада адам болмысындағы қорқыныштың мәнісі мәселесі философиялық тұрғыдан жан-жақты талданады. Сонымен қатар қорқынышты тудыратын мәселелер туралы терең ойлар баяндалады.

Кілт сөздер: *қорқыныш, үрей, ауру, мазасыздық, дабыл, шошу, үміт, қауіп, адам ары, экзистенциализм.*

Біз дүрбелеңі мен дүбірі мол ерекше тарихи дәуірде өмір сүрудеміз. Бұл – әртүрлі пиғылдар мен мүдделердің, мәдени үрдістер мен дәстүрлердің, реалды шындық пен виртуалды әлемнің өзара ұшырасу және қақтығысу, иық тіресу дәуірі. Бір жағынан, жаппай тегістеу мен бірегейлікке бастайтын жаһандану үрдісі, екінші жағынан, өзін-өзі сақтауға, өзіндік келбеті мен рухани ерекшелігін жоғалтпауға ұмтылатын ұлттық сананың оянуы мен нығаюы. Дегенмен, соңғы жылдары болған ірі оқиғалар Адамның дүние жаратылысының ұнтағы екендігін дәлелдеп, адамды ірі табиғи апаттар қоршап тұрғандай. Аспан адамдарға кометалар жаудырып, жер қойнауы отты атпа (лава) тасқынын шығаруда. Бірақ, қорқыныштың қайнар көзі бұл тек табиғат құбылыстарында емес, ол тек адамның сол туралы ойында ғана. Планетаның тірі қабатының жұқаруы өлімге душар ететін сәулелерімен қатер төндіруде. Мұндағы үрей табиғи катаклизмде емес, ол адамның өзінің істеген әрекеттерінің енді қайта орнына келмес салдарларында. Қазіргі кездегі адамның өз қолымен жасаған барлық отты қарулары тірі жанды жойып жіберіп, қоғамға өзгерістер әкелері сөзсіз. Қоғам – ойлауға қабілетті, сана мен жігерге ие индивидтер жиынтығы, сондықтан, қоғам дамуының концепциясында адам қызмет субъектісі ретінде басты орын алуы қажет. Қоғамдағы өзгерістердің шешуші факторы – адам. Адамда болатын «қорқыныш», «үрей», «күйзеліс», «жатсыну» секілді сезімдер адам тандауы мен жауапкершілігінің қиындығына байланысты. Біз өмір сүріп отырған қоғамның дамуының жаңа концепциясының жүзеге асуын қамтамасыз ететін де нақты адамдардың іс-әрекеті. Қазіргі қоғамның кемелдену саясатының

жетістіктері де, қиындықтары да, сәтсіздіктері де барлық адамның бойынан көрінеді. Сондықтан, адамға қатысты проблемаларды екінші орынға ығыстыра бермей, оның болмысының рухани-адамгершілік негіздерін зерттеп, түсіндіру аса маңызды мәселе деп білуіміз керек.

Адам проблемасының бір қыры – қорқыныш мәселесі. Адам болмысындағы қорқыныштың мәнісі мәселесін жан-жақты талдауға көмектесетін бірден-бір ғылым – философия. Адамзат тарихында негізгі философиялық бағыттардың пайда болуының себебі де адамның өзі және қорқынышты тудыратын мәселелер туралы терең ойлары. «Қорқыныш», «үрей» сияқты құбылыстар адамның мифологиялық көне дүниеден бастап қазіргі заманға дейін жалғасып келе жатқан өмірлік рефлексиясының бастауы. ХХ ғасырдың батыс экзистенциализмі де адамның ішкі дүниесіне, оның уайым-қайғысына назар аударып, адам болмысындағы қорқыныштың мәні мәселесін тұтас философиялық ағымның арнайы зерттеу объектісіне айналдырды. Өмірдің мәнсіздігі, субъектінің оған қарсы тұруға дәрменсіздігі туралы пессимистік ойлардың басымдылығына қарамастан, олардың ілімімен танысқан адам бей-жай қала алмайды, өмірдің мәні туралы ойланады. Бұл мәселенің біз үшін құндылығы да осында. Өмірдің құндылығы және мәнін анықтаушы – оның қарама-қарсы жағы – өлім мәселесі философия ғылымында өмірдің мәні секілді «мәңгілік», шешімі қиын мәселелер қатарында. Бұл түсінікті де. Өлім туралы ойлану қарапайым адам үшін қорқынышты, өмірдің мәні туралы пайымдаудан қиынырақ. Күнделікті өмірдің күйбең тіршілігіне алданып, өлімнің бар екендігін ұмытып кететін пенде өмірінің қайғылы кезеңдерінде өмір өзінің дамуын тоқтатқандай күй кешіп, күйзеліс пен қорқынышқа, үрей мен шарасыздыққа ұшырайды, өзін қоршаған, дүниенің шындығына тереңірек үңіліп, *«түбі бір өлім болса, өмір сүріп керегі не? Өмір Соломон айтқан «күйбең тіршілік» болғаны ма?»* деген сұрақтар оның бойын билей бастайды. Ресейлік зерттеуші Н.В.Волохованың пікірінше, осындай көзқарас қазіргі заманғы мәдени санада көбірек кездеседі [1, 74 б.] Бұл түсінік өз мүмкіндіктерін жүзеге асыра алмай, өмірден күдерін үзіп, тағдырға мойынсынған адамға тән. Өмір мұндай адамдарға абсурд, саналы түрде реттеуге бағынбайтын нәрсе, өмір де, өлім де мәнсіз болып көрінеді. Бірақ, менің ойымша, мәселе өлімнің заңдылығын мойындап қана қоюда емес, адамның өліммен бетпе-бет келгенде экзистенциалдық дағдарыстан шыға білуінде, оны жеңуінде. Адамның өмірмәндік мәселені шешу деңгейі, өмірінің мәнді-мәнсіздігі, оның тұлға ретіндегі сипаты осы жерде анықталады. Өлім – өмірдің шегі, адамның жарық дүниеге келуі секілді табиғи қажеттілік. Өмірдің осы шектеулігі оның құндылығын өзінен-өзі дәлелдеп, адамды өмірді, жарық дүниені бағалауға, оның әр сәтін табиғат сыйлаған зор бақыт ретінде түсініп, мейлінше мәнді сүру қажеттігі туралы ойды оның санасына жеткізеді. Адам өлемін деп емес, өмірді бағаламай, оған

қызмет етіп үлгермей, соңында еш із қалдырмай өмір сүрдім деп қорқуы керек. Өлім алдындағы қорқынышты жеңетін адамның өзінің өмірі мәнді.

Өмір философиясы бағытының өкілі Артур Шопенгауэрдің пікірінше, адам өмірі қайғы мен азапқа, күншілдік пен бақталастыққа, күнә мен әділетсіздікке, қатыгездік пен бақытсыздықтан тұрады, ал, қоғам бір-бірімен арпалысқан, бірін-бірі аңдыған адамдарға толы, осы мағынасыз өмірден құтқаратын – өлім ғана. Шопенгауэрдің ойынша: *«азап шегу табиғатынан жағымды. Рахат көбейген сайын, оны сезіну де азая береді: үйренген нәрсе бізді енді рахатқа бөлемейді»*[2, 81 б.]. Фридрих Ницше болса, өмір ұғымының осындай пессимистік мазмұнына оптимистік түр беріп, замандастарының бойына өмірге деген құштарлық оятты. Ол: *«Адам алдына өз мақсатын қоятын уақыт жетті. Адам өзінің ең биік үмітінің ұрығын себетін уақыт келді. Оның негізі әлі де болса құнарлы. Бірақ, бұл негіз күндердің күнінде азып-тозып, құнарсызданады да, онда бірде-бір биік ағаш өсіп шықпайтын болады»* – деген [3, 101 б.]. Ницшенің бұлайша мазалануының себебі, ол өмір сүрген кезде адам мүмкіндіктеріне деген сенімсіздіктің болуы. Өмірден шаршап-қажыған адамды, жалпы халықты серпілтіп, олардың бойында өмірге деген құштарлықты ояту үшін Ницше өмірді сүйген «сверхчеловектен» үлгі алуды ұсынады. «Сверхчеловек» – еркін, ешкімнен, ештеңеден тайсалмайтын, өз өмірін өзі жасауға ұмтылған адамның образы. Ницшенің пікірінше, өмірді рухы күшті, өзін-өзі билеуге ұмтылған адам ғана оның азабы мен қорқынышын қаймықпай қабылдай алады. Осы ойшылдардың жеке адамның ішкі дүниесіне назар аударуды ұсынған ілімдері экзистенциализм бағытында жалғасын тауып, нақтыланды. Яғни, «қорқыныш», «үрей», «күйзеліс», «жатсыну» секілді сезімдердің пайда болуы адам таңдауы мен жауапкершілігінің қиындығына байланысты. Таңдау жасауға, белгілі бір шешімге келуге тиісті адам жауапкершілік сезімінен құтыла алмай, мазасыз күйге түсетіні анық. Адамның осындай күйін қазақ философы Ғарифолла Есім *«жар жағасы»* ұғымы арқылы өте дәл жеткізді. Тағдыр, таңдау мәселесі жақсы адамға ғана тән, жаман адам бұл сұрақтармен басын ауыртпайды, жанын қинамай, өмір ағымына ілесіп өмір сүре береді. Ал, жақсы адам тек ізгілік іске, адамгершілігіне кір келтірмейтін өмірге ұмтылады. Жақсының өмірі өте күрделі, себебі, адам қателік жасамай тұрмайды, жамандыққа бой ұру оп-оңай. Жамандық жасамақ түгілі ол туралы ойдың санадан орын алуы жақсы адам үшін адамгершілік жолынан ауытқумен бірдей, сондықтан, *«жақсы адам үнемі жар жағасында, аяғыңды сәл шалыс бассаң, астыңда меңіреу құз жатыр. Сонымен, жақсылық деген жауапкершілік деп бір түйін жасауға әбден болады»* [4, 216 б.]. Осы жауапкершіліктен туған жар жағалап өмір сүруден адам қашып құтылмақ емес, ол оның алдынан үнемі шығып отырады. Менің ойымша, одан қашып құтыламын деп әуреленудің қажеті жоқ, себебі, жар жағасында өмір кешу –

адам атына сай болып өмір сүрудің ішкі рухани діңгегі секілді. Жақсы адам пендешілікке салынып, жамандыққа қадам жасаған сәтте осы жар жағасы оны тоқтатады, жаман істен қайтарып отырады. Жар жағалап немесе жар басында өмір сүру қаншама қиын десек те, осылай өмір кешудің өзі бір ғанибет десек, артық болмас. Жамандықтан қашып, азап шегіп жеткен жақсылық өмір ғана мәнді болмақ, сондықтан, адам ғұмыры – жар жағалау, жақсылық пен жамандықтың алдында таңдау жасау оның маңдайына жазылған нәрсе.

«Адамды қоршаған дүние – мәнсіз, абсурд» деген қағида Альбер Камю экзистенциализмінің негізі болды. Дүниенің өзі абсурдқа айналғанда адам өмірінің мәнін іздеудің өзі қисынсыз екендігін мойындағанымен, Камю өзінің өмірмәндік ізденісі арқылы уайым-қайғысыз, «бір жөні болар деп» ойын-күлкімен өмір кешкендерді де, тағдырға бас иіп, өмірге құштарлығын жоғалтып, жасығандарды да оятуға ұмтылды. Абсурдпен күресу керек. Абсурдтың өзі адамға еркіндік береді: *«абсурд менің иллюзияларымды ыдыратты: ертеңгі күн деген жоқ. Осы менің еркіндігімнің негізіне айналды»* [5, 48 б.]. А.Камюдің кейіпкері Сизиф те абсурд өмірмен күресуді еркін таңдайды. Адам тағдыры оның өз қолында, адам өзіне қандай болмасын тағдыр таңдап алуға ерікті. Ойлап қарасақ, бәріміздің де өміріміз өзінің кейбір кезеңдерінде абсурдқа ұқсас болатыны жасырын емес. Бірақ, онымен Сизиф секілді күресіп, тынбай еңбектеніп, өз тағдырыңды өзің билеуге тырысып, зұлымдыққа тым құрыса Камюдің тағы бір кейіпкері Риэ сияқты адалдық арқылы қарсы тұру керек. Камюдің түсінігінде, адал болу дегеніміз – тып-тыныш қана өз ісіңмен айналысу. Мұндай адамдар көптің бірі болып қарапайым ғана өмір кешеді. Олар өз ісін дабыра қылар даңғазалықтан аулақ, атақ пен даңқтан да үміт етпейді. Осындай адамдар ғана қоғамды әлеуметтік обадан тазартады. Адамның абсурдпен күресі бүлік түрінде де көрінеді. Бүлік көтеруші өзінде жоқ игіліктерді талап етпейді. Оның мақсаты – өз құқықтарын, өзінің тұлғалық тұтастығын қорғау, сол арқылы өзін басқаларға мойындату. Ең бастысы – күйзелмеу. Камю XX ғасырдың трагедиялық кезең екенін мойындаса да, үмітсіз кезең емес екендігін үнемі ескертті, адамдарды өмір қайғының ескегін қолдан шығармауға шақырды. Сонымен, өз табиғаты бойынша қорқыныш организмнің қауіпті күйін хабарлайтын белгі болып табылатын денелік ауруға ұқсайды. Қорқыныштың бізді оның себептері мен оның бейтараптандыру құралын іздеуге мәжбүрлейтін сыртқы психикалық, бейнесі пайда болады. Қорқыныш, ауру, мазасыздық – біздің әлеміміздің үмітпен қосылған ырымын жасайды. Үмітсіз, төніп тұрған қауіпті сезбеу, яғни, оған қарсы тұрмау, қауіп төндіретін жағдайдан шығу жолын іздемеу адамды тығырыққа тірейді. Қорқыныш – адам болмысының имманентті элементі, себебі, адам ұдайы мазасыздық пен өзімен кездесуі мүмкін қауіппен соқтығысады. А.Камюдің пікірінше, адам екі қауіпте жүреді: 1) идеалды

пікірін (ойын) өз экзистенциясының аясынан шығаруға тырысуынан туындайтын тұрақты мазасыздық; 2) өлі қозғалыссыздықты төндіретін реификация. Бұл мағынада адам өмірінен жатсыну мен қорқыныш бөлінбейді. Экзистенциалистік көзқарас қорқынышты қалай абсолюттесе, қорқыныш та еркіндікті, жалғыздықты және т.б. да солай абсолюттейді. Қорқыныштың абсолюттендірілуі оның пайда болу себептерін болжайды. Нәтижесінде, қорқыныш өзінің бастапқы қасиетін жоғалтып, әрекетке итеретін қауіп сигналы болудан қалып, метафизикалық үрейге айналады. Егер, өлім жайлы сөз қозғасақ бұлай болуы тиіс емес. Ал, өмір жайлы сөз болғанда, адамдар еркін, жауапкершілікті болуы керек. Біздің өлім алдындағы қорқынышымыз өмірдің кейбір жағдайларына байланысты, өлімге емес, өмір құрамына кіреді. Адам әрқашан қорқыныштың мынадай екі полюсінің арасында жүреді: 1) Ешқандай үміт жоқ, адам сенгісіз қауіппен; 2) Қауіп төнетіннің алдында туатын қорқынышқа қарсы тұруға болады. Онда ол үрейді қорқынышқа әкелетін мәдениет саласындағы көптеген әрекеттер адам өмірін ұйымдастыруға бағытталуы тиіс. Ал, қорқыныш тыныштық күйіне жететін қырағы сақтыққа ұмтылуы тиіс.

Қорқыныш негативті сипатта үнемі бола бермейді, өмірдің көптеген көріністерінде бұл күйдің басқа жақтарын табуға да болады. Әлеуметтік бақылаудың бүкіл жүйелері санкция алдындағы қорқыныш механизміне негізделеді (діни, құқықтық, моралдық және т.б.). Қорқыныш сезімсіз адам тіршілік етпейді, өйткені, ештеңе оған төнетін қауіпті алдын ала айтпайды. Жалпы, адам бастамасы табиғаттың құпия күштері болатын жануарлық қорқыныштан азат. Табиғат көптеген құпияларды сақтағанымен, қазіргі уақытта қорқыныш туралы емес, қиын табиғи жағдайлардағы адам іс-әрекетімен бірге байланысты қатерлі бас тігу туралы айтуға болады. Бірақ, ол жаңа қорқыныштарда шығады: табиғи ресурстардың экологиялық теңдіктің бұзылуы және т.б. «Табиғатқа кері оралу» ұраны енді – адам экзистенциясының құрама бөлігі ретінде қабылданатын адамзат идеясына табиғи элементті қосатын жаңа мазмұнға толады. Мұнда қорқыныш орын алады, бірақ, бұл жануарлық, стихиялық емес, саналы, субъективтік қорқыныш.

Гуманистерге адам үстінен адам үстемдігін шақыратын қорқыныштан азат болу перспективасында қарастырылатын адамзат проблемасы жақын. Қайнар көздері әлеуметтік факторлар болатын қорқыныштар табиғат күштерінің алдындағы қорқынышқа қарағанда күштірек әсер етеді. Әлеуметтік бастамалардан туындайтын қорқыныштар әр түрлі форманы иеленеді, бірақ, әлдеқайда көп таралған және ұйымдасқан адам қоғамы тарихындағы қорқыныштың қасіретті формасы тирания мен деспотизмге сүйенген қоғамдық құрылымнан шығатын қорқыныш болып табылады. Әлеуметтік қорқыныштар қобалжуында бүліктің пайда болуымен байланысты мәнді өзгерістер өтеді. Бүлікшіл адам шынайы сыртқы қатерді

сезіне отырып, ол оған өзінің мәні мен еркіндікке құқын қарсы қоя отырып, қорқынышқа субъективті қатынасын толықтай өзгертеді. Деспоттық режим үстемдік ететін көп адамдар қорқынышпен емес, игілікті жағдайда ұйымдасқан көтеріліске қайта өсетін «ішкі бүлікпен өмір сүреді».

Көптеген жазушылар, әлеуметтанушылар, философтар, психологтар, заңгерлер, дәрігерлер қорқынышты қазіргі заманға тән сипат деп көрсетеді. Қазіргі адамның тіршілігінде, адам өмір сүруінде қорқыныш екі рөлді қатар ойнайды: оның жағымды және жағымсыз жақтары бар. Біріншіден, қорқыныш адам тұлғасын басып тастайды. Оның ішкі әлемін күйретеді. Әртүрлі мазасыздықты, үрейді, дабылды шақырады. Екіншіден, мысал ретінде Камю-дің «Чума» романының бір кейіпкері коттарды алайық, яғни, ол «бәрін бірнеше рет қайтадан басынан бастауға мәжбүр болған». Кем дегенде ол: 1) өткен шақта жасаған ісі үшін түрме алдындағы қорқыныш; 2) онымен белсенді күресуге мүмкіндік бермеген, «оба» алдындағы қорқыныш; 3) болашақ алдындағы қорқынышты басынан өткереді. Болашақ алдындағы қорқыныш адамның ішкі өмірінің өте күшті формасы. Мұндай қорқыныш адамды «үлкен құлдырауға» алып келеді; 4) Кезкелген әлеуметтік және рухани қорқыныштар адамды француз философы А.Камюдің «Эссе об абсурде. Миф о Сизифе» деген еңбегінде мағынасыздыққа алып келеді. «Шын мәнінде бір ғана нағыз философиялық проблема бар, ол өзін-өзі өлтіру проблемасы. Тіршілікті түгелдей бастан кешуге, оның барлық жолдарын бастан өткеруге өмірдің өзі соған тати ма, жоқ па, осы мәселені шешу – ең түбегейлі мәселеге жауап беру деген сөз». Осы философиялық проблема болған өзін-өзі өлтіруге мағынасыздық пен бірге қорқыныш та алып келеді. 5) Сонымен қатар, қорқыныш қысқан адам өз болмысын, өз тұлғасын жоғалтып алуы мүмкін. Сөйтіп, ол адамзаттың рухани діңгегі болған діндерден бой тартып, дәстүрлі емес әртүрлі дінге, секталарға кетіп қалады. Сонымен қатар, қорқыныш адам болмысында екі жақты қызмет атқарады, енді соның адамға, оның болмысына тигізер әсерін, позитивті жағын былай қарастыруға болады: қорқыныш «интеллект көлеңкесі» ретінде шыға отырып, адам болмысының бөлінбес қасиеті. Ол адамның шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырып, ретке келтіріп отырады. Қорқыныш адамның шығармашылық іс-әрекеті жүретін жерде өзіндік бейнелі орта ретінде шығады. Қауіпті жағдайларда, қатер төнгенде индивид осылардан азат болу үшін және өзінің адамдық мәнін көрсету үшін өзінің барлық рухани және денелік потенциалын өз қолына алады. Өнердегі, ғылымдағы, техникадағы, әлеуметтік технологиядағы көптеген жетістіктер қорқыныш тудыратын жағдайлардағы пайда болатын проблемаларды шешумен байланысты. Бірақ, осы жетістіктер бүгінде адамның өзіне жаңа кейбір қорқынышты тудыруда.

Қорқыныштың негізгі ерекшелігі субъектінің қасиеттерінің әр түрлі бағытта көрінуі. Әрине, қорқыныштың нақты көрінуі арқылы, оның

дискреттілігі туралы айтуға болады. Бірақ, қорқыныш адам дамуының онто және филогенетикалық ерекшеліктерін өзіне сыйдырған ол, адамның әр түрлі иррационалдық феномендерімен байланысын шамалайтын жүйелік қасиет ретінде шығады. Мысалы, В.А.Андрусенко қорқыныштың адам болмысындағы бағалау қызметін мынадай үш аспектіде көрсетті: а) адамның өзіне-өзі жеткілікті қасиеттерін анықтамасы қоршаған социумді осы қасиет арқылы белсенді экспанция жасау үшін; ә) өзге күшінің сипаттық күші адамды өзінің объектілігін, өзгеден тәуелділігінің шамасын анықтау үшін қажет; б) қорқыныш – ішкі немесе сыртқы рефлексиялардың иррационалдық модустарының алдын ала бағасы болады [6, 82 б.].

Қорқыныштың адамның рухани өміріне енгені соншалық, ол, оның бейсаналық, санасыздық және саналылық деңгейіне өте отырып, қорқыныштың пайда болуы бұл руханилықтың басқа түрлерінің күйлеріне де әсер етеді. Мысалы, үміт, сенім, махаббат және т.б.

Қорқыныш деструктивті және конструктивті сипатқа ие. Бұл тек әлеуметтік мәдени жағдайларға ғана байланысты емес, ол адамның өзіне, оның құндылықтарына, еркіне және мақсаттарының жүйесіне байланысты. Қорқыныштың табиғаты денедегі ауруды сезінуге ұқсайды. Бірақ, аурудан ерекшелігі қорқыныш психика деңгейінде ішкі қауіптер мен қатерлерді көрсетіп, адамды оның себептерін іздеуге және қарсы әрекет етуге бейім етеді. Адам қорқынышсыз ауруды сезбейтін мүгедек тәрізді: ол төнген қауіпті сезетін қасиетінен айырылған, ол оған қарсы әрекет жасай алмайды. Яғни, қорқыныш қорғаушы қызметін де атқарады. Қорқынышты зерттеушілер (Р.Мэй, К.Изара, А.Кемпинский, К.Брози) адам тұйықталған өмір жолымен жүретін, саяхат жасайтын әрекетшіл, белсенді тіршілік иесі. Сондықтан, қорқыныш адам тіршілігінің тұрақты бөлігі болып табылады.

Қорқыныштың тағы бір адам болмысындағы негізгі алатын рөлдерінің бірі, Гуссерль айтқандай, қорқыныш – бұл өзіне жету, өзін түсіну, ерікті тәрбиелеуші. Мысалы, рухани Қорқыныш құдай алдындағы қорқыныштан адам ертеңгі «ақырет күні» болатын азаптан қашу үшін жамандық істерге бармайды. Сонымен қатар, әлеуметтік өмірдегі қабылданған жалпыға ортақ нормалар мен ережелерді бұзу, қылмыстық істер жасау бұл ертеңгі күні күтіп тұрған жазалауды, түрмені білген адамдар қорқыныштан мұндай істерге аз барады.

Қорқыныштың келешекте нақты қызметін бөліп көрсету қорқыныштың ішкі динамикасын анықтауға негіз болады. Бұл сұрақ мазмұндық және терминологиялық қатынастарда да едәуір қиындықты көрсетеді. Бүгінде ғылыми лексиконда қорқыныштың мынадай модустары қолданылады: толқу (волнение - be worry), мазасыздық (беспокойство - trouble), дабыл (тревога – be nervous), үрку (боязнь - fair), шошу (испуг - shreck), үрей (ужас - horror). Осы модустарды топтастыруға жасалған ұмтылыстар баршылық. Мысалы,

3.Фрейд шошу, қорқыныш, үркудің қатынасын ұсынған: «Шошу (schrek), қорқыныш (scare), үрку (fair) синонимдер ретінде дұрыс қолданылмайды. Олардың қауіпке деген қатынасынан оларды ажырату оңай. Қорқыныш бұл қауіпті күтудің нақты күйін білдіреді, белгісіз болса да соңғы күйіне дайындалады; үрку қорқатын анықталған объектіні болжайды. Шошу бұл қауіп төнген жағдайда субъектінің оған дайын еместігін, күтпегендігін көрсетеді [7, 95 б.]. Ал, И.Захаров болса бұл модустарды қорқыныштың экспрессивті сипатына қарай олардың айтылуына байланысты топтастырады.

Өз көзқарасым бойынша, қорқыныштың мынадай динамикалық қатары бар: 1) Дабыл (тревога). Қорқыныштың бұл модусы тарихи бірінші Қорқыныш. Бір жағынан, биологиялық және әлеуметтік табиғаты бар қорқыныштың объективті және бейсаналық күй қорқыныштың объективті шарты ретінде болады. Ал, екінші жағынан, нақты бір объектінің адамға әсер етуімен өзектендіріледі. Бұл жағдайдағы қорқыныштың негізгі қызметі – бағалау. Бұл этапта адам тынышталады, мысалы, қауіптің мәнсіздігін анықтағанда немесе қорқыныш шошуға ауысады; 2) Шошу (испуг) нақты төнген қауіпті сезіну және дайын емес болу күнә. Егер, мұнда талдау жасайтын және реттеуші қызметі жеткілікті болса, онда шошу оны бейсаналық сфераға қарай ығыстырып жіберетін дабылға қарай өтіп кетеді. Басқа жағдайда жеке қорқыныш қалыптасады; 3) Үрей күйі ұйымдастырушылық және ажыратушы қызметті толық бар күшімен пайдаланады.

Міне, адам болмысындағы қорқыныштың атқаратын өз қызметі және ажыратып айтар өзіндік мәні осындай.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Волохова Н.В. Путь смерти Л.Н.Толстого. –М.,2000.–216 с.
2. Шопенгауэр А. Понятие воли. –М.,1993. –477 с.
3. Ницше Ф. Так говорил Заратустра // Ницше Ф.Сочинения в двух томах. Т.2. –М.,1997. –829с.
4. Есім Ғ. Жар жағасы // Жас алаш. –2000. –11 қараша. –№136.
5. Камю Альбер. Миф о Сизифе. Эссе об абсурде. –М.,1990. –415 с.
6. Андрусенко А.В. Социальный страх. –Св, 1991. –168 с.
7. Фрейд З. Психология бессознательного. –М., 1968. –386 с.

АРЫНГАЗИЕВА Б.Б. СТРАХ В ЧЕЛОВЕЧЕСКОМ ХАРАКТЕРЕ

В статье поднимается проблема страха как экзистенциального модуса жизни человека. Феномен страха рассматривается в сравнении с такими явлениями как «тревога», «отчаяние», «испуг» и др.

***Ключевые слова:** страх, тревога, отчаяние, испуг, экзистенциализм, болезнь, надежда, опасность, совесть.*

ARINGAZIYEVA B.B. THE FEAR FEATURE OF THE HUMAN

The article deals with the problem of fear as a human existential life module. Phenomenon of fear is examined in comparison with the actions and feelings as «alarm», «desertance», «dispair» and others.

Keywords: alarm, desertance, despair, existential, illness, hope, danger, honour.

УДК 1/14(574)

ИНТЕГРАЦИОННЫЙ ПОТЕНЦИАЛ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕИ «МӘҢГІЛІК ЕЛ»

КУЛСАРИЕВА А.Т.

Музыкальное воспитание направлено на формирование музыкальной культуры детей посредством музыкального искусства, например через слушание музыки. Слушание музыки является самостоятельным видом музыкальной деятельности. Слушание музыки – одна из лучших форм работы для развития способностей активно воспринимать музыку и внимательно вслушиваться в разные ее особенности. К тому же слушание музыки позволяет познакомить детей со значительно более сложной музыкой по сравнению с той, которую они сами исполняют. Дети получают возможность услышать большие вокальные, инструментальные, оркестровые произведения в хорошем исполнении. Слушание дает возможность услышать музыку разных жанров, форм, стилей, эпох в исполнении известных исполнителей и композиторов. В наше время слушание музыки, благодаря широко развитой концертной деятельности, развитию многообразных видов технических средств, способных воспроизводить музыку (радио, телевидение, магнитофоны, кино т.д.) становится доступной формой общения с искусством широких слоев населения. Поток музыкальной информации практически безграничен. Тем важнее становится проблема организации целенаправленного слушания музыки, помогающей формировать избирательность потребления музыкальных впечатлений в соответствии с уровнем воспитанного художественного вкуса.

ЛИТЕРАТУРА

1. Сухомлинский В.А. О воспитании. – М: Изд полит литературы. – 1988.
2. Ветлугина Н.А. Музыкальное развитие ребенка. – М.: Просвещение, 1968. – 415 с.
3. Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте. Психологический очерк. Изд. 2-е. – М.: Просвещение, 1967.
4. Апраксина О.А. Методика музыкального воспитания в школе. – М.: Просвещение, 1983. – 222 с.
5. Сулейменова Р., Жумалиева Г. Музыка пәнін оқыту әдістемесі. –А:Фолиант, 2008.

ЖАҚСЫБЕКОВА С.С. ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Мақалада жеке тұлғаның музыкалық мәдениетінің қалыптасу мәселелері, жолдары, адами құндылықтары қарастырылған.

Кілт сөздер: жеке тұлға, адами құндылық, музыкалық мәдениет.

ZHAKSYBEKOVAS.S.THE COMPREHENSIVE DEVELOPMENT OF THE MUSICAL CULTURE OF THE PERSON.

The article considered the comprehensive development of moral perfection, formation of the musical culture of the person

Keywords: person, musical culture, moral perfection.

ӘОЖ 372.8:796

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫНДА ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

ТҰРЫСҚҰЛОВ Ө.Ж., НУРАЛИМОВА Қ.А.

Мақалада мектеп оқушыларына дене шынықтыру сабағында ұлттық ойындарының пайдалану технологиясы көрсетілген.

Кілт сөздері: Мектеп оқушылары, дене шынықтыру, ұлттық ойындар элементтері, технология, қимыл-қозғалыс, тәрбие.

Халқымыздың ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп жинаған мұраларының бірі – ұлттық ойындар, билер, ән-күйлер, жырлар, еңбек қимылдары, ұлттық қимыл-қозғалыс жаттығулары мен тіршілік салттары. Бұл құбылыс жастардың сана-сезімі мен парасатының, ішкі мәдениетінің халықтың асыл да өлмес қазынасымен сабақтас, содан нәр алған, ұштасқан, терең тамырласқан. Халық өнерінің шын табиғатын, сыр-сипатын дене тәрбиесінде қимыл-қозғалыстарды сабақтарда, жаттығуларда қолдану болашақ дәрігерлерге ұлттық тәрбие беру үшін аса қажет. Өйткені, ұлттық салт-дәстүр мен ұлттық ойындар халық даналығынан туған. Мұндай өнердің шын табиғатын тану студенттер үшін қажет.

Оқушылардың дене тәрбиесі үдерісінде, олардың әртүрлі қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындаулары арқылы олардың тек қана дене күші ғана емес, сондай-ақ халықтың ұлттық ойындарымен, халық әуендерімен, билерімен, қазақ халқының тарихымен, мәдениетімен, әдет-ғұрпымен, салтымен, халықтың жүздеген жылдар бойы сұрыптап жинаған, мұра етіп қалдырып келе жатқан қасиетті дәстүрлерімен терең танысу мүмкіншілігі туады.

Бүгінгі күн талабына сай дене тәрбиесі сабағында ұлттық ойын элементтерін пайдалану қазақтың би өнерлері, ең алдымен, денені түзу ұстап

үйренуден басталады. Бұл – дене тәрбиесінде біз көздеген мақсатқа жетудегі жолдардың бірі. Осындай ерекшелік тұрғысынан қимыл-қозғалыс жаттығуларын былай жіктеуге болады:

1. бас және мойын қимылдары;
2. иық бұлшық еттері қимылы;
3. қол қимылы;
4. аяқ бұлшық еттері қимылы;
5. қазақтың қолөнерінен туындайтын жаттығулар;
6. тұрмысқа байланысты туындайтын қимылдар;
7. аударыспақ қимылдарын жұптасып орындау.

Дене тәрбиесі сабағында ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын өткізгенде, жоғарыдағы жаттығулардағы қимылдардың барлығы қамтылады. Бұлардың бәрі тұрмыс-тіршілікте жасалынатын етене таныс қимыл-қозғалыстар.

Қимыл-қозғалыстар мен ойынжаттығуларды дене тәрбиесі сабағында орындаудың нәтижесінде ұлттық ойын элементтері мен дене динамикасы бірін-бірі үйлесімді түрде сабақтастырып, күшейтіп, әдемі әуезді сазбен дене тәрбиесі сабағының әсерлілігін арттыра түсетін болады.

Бірақ бұл ұлттық қимыл-қозғалыстар мен ойын жаттығуларды дене тәрбиесі барысында қажетті мезгілде ұлттық әуенмен бірге пайдаланса, онда шаршағанын басып, жұмыс қабілетін тұрақтандырып, ұлттық тәлімге деген ынтасын арттырады.

Ұлттық ойындар немесе ұлттық қимыл-қозғалыс жаттығуларын оқушыларға дене тәрбиесі барысында бірнеше рет қайталатса, онда орындау ережелері тұрақталып, оқушы дағдысы, машықтануы, белсенділігі, шығармашылығы, іскерлігі дамып, қалыптасады.

- Кез келген ұлттық ойындар мен жаттығу ойындарының негізінде нақты мазмұнын және белгілі нәтижеге жету мақсаты бар, олай болса оларда белгілі бір бағыт, педагогикалық құндылық та бар. Педагогтың міндеті – солардың әрқайсысының білімдік, сауықтыру, тәрбиелік мүмкіншілігін дұрыс анықтап, қызметтік іс-әрекеттеріне дұрыс енгізіп, пайдалана білуінде.

- Ұлттық ойындар мен ұлттық спорттық жаттығуларын оқушылардың дене тәрбиесі сабағында қолдану мәселесін тәжірибелі педагог өзі шешеді. Олай болатыны, дене тәрбиесінде халықтың педагогика элементтерін пайдалану, оқушылардың басқа да қимыл-қозғалысын ұштастыруға септігін тигізіп, танымдық және тәрбиелік функцияларды қоса атқарады.

Сондықтан, біз ұсынған оқушыларға дене тәрбиесі сабағында ұлттық ойындар элементтерін пайдаланудағы дене динамикасы және оны пайдалану технологиясын төмендегідей ұйымдастыру оң нәтижеге жететіндігі дәлелденіп отыр:

1. Дене тәрбиесі сабағындағы ұлттық ойындар негізіндегі спорттық жаттығулар, ойындар оқушылардың қызығушылығын, ынтасын туғызады.

2. Бір сарынды өтетін дене тәрбиесі сабағы және үйреншікті жаттығулардан қажып, шалдыққанда және спорт өнерінен нәтиже болмаған кезде оқушыны ширатып, белсендендіреді.

3. Оқушылардың эмоциялық жағынан әсер ету қажет болғанда, олардың назарын көңілді, шабыттты күйді орнықтыратын ұлттық ойындарды пайдалану арқылы тәрбиелік әсер қалыптастырады.

Ұлттық ойындар элементтерін кезкелген формада мақсатты пайдалануға болады. Сондықтан, дене тәрбиесі сабағында ұлттық ойындар элементтерін пайдаланудың технологиясы оқушылардың ұлттық ынта-ықыласын, ізденіс әрекетін, сана-сезімін оятуға бағытталады. Сонымен қатар педагог әр оқушының деңгейіне сәйкес қабілеті мен икемділігіне, ой өрісіне қарай, жеке-жеке әсер ету жолдарын қарастырады. Атап айтқанда, дене тәрбиесі сабағында ұлттық ойындар элементтерін пайдаланудағы дене динамикасын пайдалану технологиясын төмендегідей бөліп қарауға болады:

1. Жалпы – ұлттық ойындар элементтерін пайдаланғандағы дене тәрбиесі сабағының негізгі ұстанған бағыты, оның негізгі элементтерін үйрету, оқыту барысында оқушылардың көзқарасы және қарым-қатынасын қалыптастыру.

2. Салалық – дене тәрбиесі сабағында ұлттық ойындар мен ұлттық спорттық қимыл-қозғалыс жаттығулары жөнінде мағлұмат беру, үйрету, тәрбиелеу. Ұлттық ойындар мазмұнын жүзеге асыру арқылы тәрбиелік, рухани дамыту мүмкіндігін арттыру;

3. Локальдік – оқушының күш, шапшаңдық, ептілік, машықтану деңгейін арттыру, ұжымдық жұмыс жасай білу дағдысын қалыптастыру, ұлттық ойындар элементтерінің мазмұнын меңгерту технологиясы арқылы жеке дара, өз бетінше ізденісті ұйымдастыру, меңгерту, қайталау, машықтандыру, ретке келтіру, есепке алу, тексеру, бақылау, ықпал жасау, бағалау.

Ұлттық ойындар пайдалану технологиясының көмегімен дене шынықтыру сабағында экспроматтардың орнына алдын ала бағдарлама жасау, сабақ барысын хабарлау, ұлттық ойындар мен ұлт қимыл-қозғалыс жаттығуларын іс тәжірибеде, яғни сабақ барысында пайдалану, ұлттық мұраны қайта жаңғырту арқылы жоғары нәтижеге жетудің жолдарын қарастырады.

Сонымен қатар бұл технология төмендегідей құралады:

• Диагностикалық жолмен мақсат қоя білу және оқушылардың ұлттық ойын және ұлт қимыл-қозғалыс жаттығуларын меңгеру сапасын, машықтану дәрежесін, ұлттық тәрбие деңгейін объективті түрде анықтау, ықпал ету, бақылау.

- Мақсатты конструктивті, айқын, нақты түрде қою.
- Жеке тұлғаны шынықтыру, сауықтыру және емдеу.

Дене тәрбиесі сабағында ұлттық ойындарды пайдалануда дене динамикасын дамыту және оны пайдалану технологиясы оқушылардың ұлттық ойындарға және дене тәрбиесі сабағына ынта-ықыласын, сонымен қатар осы бағытқа сәйкес, қабілеті мен икемділігіне қарай, жеке-жеке әсер ету жолдарын қарастырады.

1-кесте - Дене тәрбиесінде қазақтың ұлттық ойындарының тәрбиелік мүмкіндіктерін пайдаланудың технологиясы

Ойындардың аты	Ойынның мақсаты	Тәрбиенің бағыттары	Қалыптасатын тұлғалық қасиеттері
1	2	3	4
«Арқан тартыс»	Дене шымырлығын шыңдау, қимыл бірлігін қалыптастыру, білек күшін жетілдіру	Дене тәрбиесі	Бұлшық еттерінің жетілуі, ерік қайратының шыңдалуы, төзімділік, шыдамдылық
		Адамгершілік тәрбиесі	Сыйластық, ұжымшылдық, басқалармен санаса білу, жеңіске қуана білу, жеңілістің ренішін жою.
		Ақыл-ой тәрбиесі	Ұстамдылық, батылдық, жасампаздық, байсалдылық
		Құқықтық тәрбиесі	Сыйластық, сабырлылық, тәртіптілік, адалдық, әділдік

«Алты бақан»	Шығармашылық қабілетін арттыру, танымдылық	Ақыл-ой тәрбиесі	Тапқырлық, жасампаздық, белсенділік, көңілді ұстай білу, ой-өрісін дамыту, ұстамдылық, байсалдылық, қызығушылық
		Адамгершілік тәрбиесі	Сабырлылық, басқалармен тіл табысу, ізгілік, сыйластық, өзін-өзі ұстай білу
		Дене тәрбиесі	Салауаттылық, сезім мүшелерін жетілдіру (көру, есту, сезі, ерік-қайратын шыңдау)
		Патриоттық тәрбиесі	Салт-дәстүрді құрметтеу, ұлттық дәстүрлі ойынға сүйіспеншілігін арттыру, өз ұлтының өкілі екенін мақтан ету.

Демек, жоғарыда кестеде ойындардың аты, ойын мақсаты, оның тәрбиелік бағыттары нәтижесінде қалыптасатын тұлғалық қасиеттері көрсетілді.

Ұлттық ойын түрлерін оқушылардың дене тәрбиесі сабағында пайдалану оны ұйымдастырушы педагогтан үлкен теориялық әзірлікті, білімділікті, шеберлікті, әрі соның нәтижесін көруге деген құштарлық пен төзімділікті, сабырлылықты қажет етеді. Себебі, ол аз ғана уақыттағы іс-әрекеттің жемісі емес, ұзақ жылдар бойы жиылған іс-әрекеттің жемісі болып табылады.

Ұлттық ойындар мен ұлт қимыл-қозғалыс жаттығуларын оқушылардың дене тәрбиесі сабағында пайдалану педагогикалық үдерістің жалпы заңдылықтарына негізделеді. Педагогикалық үдерістердің міндеттері, мазмұны, формалары, әдістері тұтас логикалық тізбек құраса, онда қарастырылып отырған байланыс заңдылығы нәтижені қамтамасыз етеді. Ұлттық ойындар мен ұлт қимыл-қозғалыс жаттығулары, ұлттық спорт

түрлері өзінің жан-жақты тәрбиелік қасиетін шындай түседі. Сондықтан, ол тәрбие процесінің міндеттері мен формаларын толықтырып қана қоймайды, дене тәрбиесінің мазмұны мен әдіс-тәсілдерін байытуға, оны жетілдіре түсуге де өз үлесін қосады, барынша белсенді әрекет жасайды.

И. Хейзинг: «Адамзат мәдениеті ойын ретінде пайда болды және ойын арқылы дамуда», - деген [3, 99 б.].

Ойын – іс-әрекеттің бір түрі. Ойындық жағдаяттар, негізінде, қоғамдық тәжірибені қалыптастыруға, әрі меңгертуге бағытталған тәлім-тәрбие арқылы жүреді, әрі соның негізінде тәртіп шындалып өзін-өзі реттеу, жетілдіру жүзеге асырылады.

Ойын әрекеті адамзат тәрбиесінде төмендегідей қызметтер атқарады:

- көңіл көтеру, қызығушылығын ояту;
- қарым-қатынастың, қатынас жасау диалектикасын меңгерту;
- өзін көрсету, өз мүмкіндігін жүзеге асыру, адамның тәжірибе жасау алаңы ретінде;
- ойын терапиясы қызметін атқарады, әртүрлі қиындықтарды жеңуге үйретеді;
- диагностикалық қалыпты тәртіппен ауытқушылықты, ойын үстінде өзін-өзі тануына көмектеседі;
- коррекциялық, реттеушілік қызмет атқарады. Жеке тұлғаның өмірлік орнын өзгертуіне, жеке тұлға құрылымының өзгеруіне көмектеседі;

Көптеген ойын түрлеріне негізінен төрт түрлі басты белгілер сипаттары тән:

- еркін дамымалы іс-әрекет баланың өз қалауы бойынша ғана жүзеге асатын процесс. Тек қана нәтижесінде емес, ойын барысында да іс-әрекет үрдісінде алынатын жан рахаты үшін бала ойын ойнауға келеді;
- шығармашылық, көп жағдайда импровизациялық, өте жоғары деңгейде дамыған белсенді іс-әрекет, нағыз «шығармашылық айдыны»;
- іс-әрекет эмоциялық көтеріңкі көңілкүйде жүреді, бәсекелестік эмоциялық күш-жігер жұмсалады;

Ойын әрекетінің себепкерлігі оның еріктілігімен, таңдап алу мүмкіндігімен және жарыс элементімен өзін-өзі бекіту күш-жігерін жұмсау, қажеттігін өтеуге жағдай жасайды [4, 43 б.].

Білім алу – іскерлік пен дағдыға машықтану, оқу еңбек және ойын үстінде болатын үдеріс. Осы айтылғандардан тәрбие үдерісі шығады.

Адамның тәрбиелілігін бағалайтын белгілер (критерий) мыналар:

- басқа адамға (топқа, ұжымға, жалпы алғанда қоғамға) жақсылық, мейірімділік жасау;
- әрекетті, қылықты бағалағанда шындықты басшылыққа алу, ақиқатты қолдау;
- жасампаздықтың барлық көрінісінде әдемілікке жол ашу.

Адамның тәрбиелілігінің өлшемдері мыналар:

- Құндылықтың биік шыңына өрлеу, оны мұра тұтынуы;
- қоғамның құндылықтары мен идеяларын, нормаларын, ережелерін игеру дәрежесі, оларды күнделікті іс-әрекетінде, қылығында басшылыққа алу, соларды өз бойына сіңіре білу дәрежесі.

Ал дене тәрбиесі сабағында ұлттық ойындар элементтерін қолданудың мақсаты – тәрбиелеу. Оқушылардың дене тәрбиесі сабағында ұлттық ойын тәсілдері мен ұлт қимыл-қозғалыс жаттығуларын үйретуді ұйымдастырған уақытта негізінен мынадай бағыттарда жүреді: ойын міндеттері қойылады; ережесі мен тәртібі жөнінде мағлұмат беру; халықтық педагогика материалдарын оның құралы ретінде қолданылады; сабақ әрекетіне жарыс, байқау элементтері енгендіктен, жақсы мағынасындағы бәсекелестік рух береді, әрі жарыстық рух оқушылардың ойынға деген қызығушылығын арттырады; ұлттық ойын мен ұлт қимыл-қозғалыс жаттығуларының жемісті, жетістікпен орындалуы сабақ нәтижесімен байланыстырылады. Ұлттық ойын әрекетінің психологиялық механизмі өзін-өзі көрсету, өзін-өзі айқындау, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі жүзеге асыру сияқты және қажеттілігіне ұлттық және өзіндік «мен» тұжырымдамасының іргетасына сүйенеді.

Оқушыларға дене тәрбиесін беруде ойын элементтері халықтық педагогиканың құрамдас бөлігі ретінде пайдаланудың тәрбиелік, білімдік, сауықтыру міндеттерін шешіп қана қоймайды, сонымен қатар жеке тұлғаны қалыптастыруда да маңызды рөл атқарады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тойлыбаев Б.А. Бастауыш мектеп оқушыларының дене тәрбиесін беруде халықтың педагогика элементтерін пайдалану: пед.ғыл.канд.дис.: 13.00.01. – Алматы, 1995. – 124 б.
2. Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы, 1991. – 77 б.
3. Бүркітбаев Ә. Спорттың ұлттық түрлері және оның тәрбиелік мәні. – Алматы, 1985. – 83 б.
4. Бекбатчаев Т.М. Применение традиционных казахских игр и упражнений в системе физического воспитания в школе: Дис. ... к.п.н: 13.00.01. – Алматы, 1982. – 131 с.

ТУРЫСКУЛОВ О.Ж., НУРАЛИМОВА К.А. ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ТЕХНОЛОГИИ НАЦИОНАЛЬНОГО ВИДА СПОРТА ДЛЯ УЧЕНИКОВ НА УРОКЕ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЕ

В статье рассмотрены воспитание школьников на уроках физической культуры, также использованы национальных видов спорта и технологии для развития двигательных навыков, воспитание моральных качеств, уважение человеческих и общественных ценностей.

Ключевые слова: школа, физические элементы национальной игры, технологии, движение, образование.

TURYSKULOV O.Zh., NURALIMOVA K.A. USING TECHNOLOGY NATIONAL SPORT FOR PUPILS AT PHYSICAL CULTURE

The article describes the training of schoolboys at lessons of physical training the use of national sports and technology for the development of motor skills, education of moral qualities, respect for human and social values.

Keywords: *school, physical elements of the national games, technology, movement education.*

ЖАС ҒАЛЫМДАР ІЗДЕНІСІ

УДК 597.82:591

ДАНАТА БАҚАСЫНЫҢ (BUFO DANATENSIS) ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ СИСТЕМАТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ГЕЛЬМИНТОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

ИДИЯТУЛЛАЕВА Ж.Д., САРТАЕВА Х.М.

Мақалада құрбақалар комплексінің өкілі даната бақаның жер бетіндегі географиялық таралуына, мекен орталарына, систематикалық жағдайларына, сонымен қатар гельминтофанасына ғылыми зерттеулер жүргізілген. 17 морфологиялық белгі бойынша статистикалық анализ жасалған.

Кілт сөздер: *систематика, қосмекенділер, құрбақалар комплексі, даната бақасы, жасыл бақа, морфометрия, гельминтофауна.*

Даната бақасы (*Bufo danatensis*) – үсті ашық сұр, сарғыш түсті, тоқ жасыл дақтары бар және ұзынынан жіңішке қара түспен иектелген. Терісі кедір-бұдырлы, басының жанынан улы бездерінің жинағынан екі ірі құлақ түбі бездері жабылған.

Систематикалық орны:

Тип: Хордалылар – Chordata

Тип тармағы: Омыртқалылар – Vertebrata

Классы: Қосмекенділер – Amphibia

Отряды: Құйрықсыздар – Anura

Тұқымдасы: Бақалар – Bufonidae

Туысы: Бақа – Bufo

Өкілі: Даната бақасы – *Bufo danatensis*

Даната бақасы Европада, Солтүстік Америкада, Европа бөліктерінің бұрынғы СССР-де, Қырым, Кавказ, Қазақстан, Орталық Азия, Иран, Түркия, Афганистан, Шығыс Алтайға дейін, батыс Монғолия мен батыс Қытай жерлерінің бәрінде таралған. Батыс Каспий теңізінің жағалауынан 59°C солтүстік ендікте, ал шығыс аралынан 50°C ендікте болады. Жартылай шөлді

алқаптарда, далаларда және жалпақ жапырақты ормандарда кеңінен таралғандығы солтүстік аралас орманшекарасына дейін барады. Жасыл бақа 4500 мың биіктіктегі Гималайдан да табылған. Ең үлкен жасыл бақаның өлшемі 140 мм болады. Кавказда жақсы жайлы аймақтардың өзінде бұл түр орташа 75 мм өлшемді болады. Солтүстікте, Оңтүстік-Шығыста мүмкіндігінше Батыста жасыл бақалардың дене өлшемі кішірейе береді. Осындай кең таралғандығына қарамай жасыл бақалар Оңтүстік жануарларына тән қасиеттерге ие [1].

Hemmer et.al-дың [2] морфометриялық ерекшеліктерінің негізінде, *Bufo viridis turanensis* түр асты Каспий теңізінің Шығыс Тұран бассейнінің батысында тіршілік ететіні анықталды.

Бұл форма ареалының батыс шекарасы номинативті Батыс Закавказияның оңтүстік-шығысынан Каспий теңізінің оңтүстік аралдарына дейін, Памир-Алтай тауының жолақтарынан, оңтүстігіне Копетдаг жотасына [3] дейін қоршалған.

Bufo viridis aurenti, 1768, *Bufo viridis turanensis*, 1978 және *Bufo viridis kraatusiensis* диплоидты болып табылады. Оңтүстіктің таулы аудандарында және Орта Азияның оңтүстік-шығыс жерлерінің бақаларының популяциялары бөлінген *Bufo viridis siomontanus* sp.n тұрасты ретінде жазылған.

Оңтүстік Қазақстан территориясында жасыл бақа (*Bufo iridis*) кең таралған. Соңғы жылдары Шығыстың жасыл бақаларының жүйесіне маңызды зерттеулер жүргізілді. Осы уақытқа дейін бұрынғы КСРО территориясындағы *Bufo viridis* [4] таралуы туралы түсінік қалыптасқан еді, бірақ солкездің өзінде Орта Азияда жасыл бақалардың таксономиялық жағдайы туралы сұрақ көтерілді.

1976 жылы Қырғызстанның (*Bufo viridis*) жасыл бақаларының кариотиптерінің ерекшеліктері жарыққа шықты, бұл жерде Қырғызстанда тіршілік ететін бақаның екі түрі туралы материалдар көрсетілген болатын, яғни олар Ыстықкөлмен Шу популяцияларының диплоидты және тетраплоидты түрі, жоғарыда айтылғанның екеуі болып табылады. *Bufo viridis* комплексінің тетраплоидты бақалары Каспий теңізінің аралығында, Батыс Монғолияда және солтүстік-шығыс Қытайға дейін ұлан-байтақ жерлерді мекендейді. Бұл бақалар тасты жерден жартылай шөлді 4000 мдендіктегі жерлерде кездеседі. Балқаш өзенінің солтүстік ауданы, Іле көлі, Ферғана депрессиясы және 4000 м Тянь-Шань жерлерінде кездеседі. Ал диплоидты түрлері Тұран ойпатында және Орта Азия тауларының белдеуіндегі ендіктерде тіршілік етеді. Комплексінің таксономиясы дискуссиялы болып табылады.

Даната бақасы Қазақстанда зерттелмеген. Қазақстанда Зайсан айпатында, Іленің ортаңғы және төменгі ағыстарында, Алакөл су алқабында

тіршілік етеді. Соңғы зерттеулердің нәтижесінде оның тауда да, тегіс жерде де мекендейтіні анықталды. Жасыл және даната құрбақасының таралу аймақтары аралас.

Bufo danatensis Pisanets ғылымға тек 1978 жылдан бастап белгілі. Салыстырубойынша Оңтүстік-шығыс Түркияның бақаларының популяциясы (Кюрен Даг жотасы, Даната ауылы) *Bufo danatensis* Pisanets өкілі ретінде сипатталды, бұл түрдің *Bufo viridis* өкілінен морфологиялық, экологиялық жағынан біраз айырмашылығы бар [3].

Алғаш рет 1976 жылы даната бақасы *Bufo danatensis* Түркия және оның төңірегіндегі аудандардан табылды.

Даната бақасы (*Bufo danatensis*) Оңтүстік Түркия, Өзбекстан, Тәжікстан, Қазақстан, тіпті Қырғызстанның жоғарғы тау беткейлерінде де тіршілік ететіні анықталды [5, 6].

Қазақстанда ең алғаш Зайсанның оңтүстік-шығыс бөлігінен, Май-Қапшағай поселкесінің маңынан табылған. Сонымен қатар Курчум, Нарым қыраттарында тіршілік ететіні белгілі болды [7]. Оңтүстік Балқаштың Бурубайталдан және Қапшағай облысының Іле өзенінің ортаңғы ағысынан табылған [8], Андреевка селосының маңында Алакөл бассейнінен табылған [9]. Сонымен қатар Алматы қаласынан, Үлкен Алматы көлінен, Ақсу-Жабағылы қорығынан және Оңтүстік-шығыс Қызылқұмнан Баймахан скважинасынан табылған [10].

1987 жылы Ташкент және оған қарасты аудандардан тетраплоидты бақалар табылған. 1992 жылы Шымкент қаласы және оған қарасты аудандардан табылған. Ал қазір даната бақасы *Bufo danatensis* Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген (1996 ж).

Құрғақ шөлде де, ылғалды биік тауда да тіршілік етеді. Негізінен бұл қосмекенділер тіршілігін түнде жүргізеді, ал күндіз ешкім таба алмайтын қолайлы жерлерде тығылып жатады. Қосмекенділердің бұл түрлері кешкі уақытта ұсталынған, яғни бұл олардың белсенді тіршілік ететін уақыты кешкі және түнгі уақыт екенін көрсетеді.

Кең таралған жасыл бақаға ұқсайтын болғандықтан және біздің елімізде қосмекенділер толық зерттелмегендіктен, оның таралуы туралы мәліметтер аз.

Негізгі биологиялық зерттеулер Шымкент қаласы және оның төңірегіндегі аудандарда жүргізілді.

Зерттеуге алынған мәліметтердің барлығы 44 даната бақасы бойынша алынды. Материалды жинау және статистикалық өңдеу Ракицкий әдісімен жүргізілді. Дипломдық жұмыста келесі қысқартулар кездеседі: орташа арифметикалық сан және оның қателігі, $M \pm m$; орташа квадратикалық ауытқуы; $C\%$ – вариация коэффициенті, t – студент критерийі.

Шымкент қаласында және оның төңірегінде мекендейтін даната бақасының морфометриясын зерттеу барысында барлығы 44 даната бақасының, оның ішінде 20-аталығы ♂, 24-әналығы пайдаланылды.

Даната бақасының ерекшелігін зерттей келе, визуалды байқаулар жүргізілді. Морфометриялық сипаттама беру үшін Таращук И.И. ұсынған 17 белгі пайдаланылды. Даната бақалары үшін мына төмендегі сыртқы 17 морфологиялық белгілері (мм) пайдаланылды:

1. Дене ұзындығы: танау ұшынан бастап клоакальді қуысына дейінгі ұзындығы –L
2. Ауыз қуысы басталатын жеріндегі басының ең үлкен көлемі -L.t.c.
3. Танау ұшынан басталып жоғарғы үлкен бүйір қыртысына дейінгі басының ұзындығы (терісі арқылы сипап білуге болады) - L.c.
4. Көзінің ұзындығы - L.o.
5. Танау тесігінен көзінің алдыңғы бөлігіне дейінгі ұзындығы - D.p.o.
6. Танау тесіктерінің аралығы - Sp.p.
7. Көздің артқы бөлігінен барабанды жарғақшаның алдыңғы бөлігіне дейінгі аралық.
8. Барабанды жарғақшаның вертикальды диаметрі
9. Барабанды жарғақшаның горизонтальды диаметрі-L.tum.
10. Бөксеңіз ұзындығы - F
11. Балтырдың ұзындығы - T
12. Артқы аяғының бірінші ішкі саусағының ұзындығы -D.p.
13. Ішкі алақан төмпешігінің ұзындығы - C.int.
14. Алақанның сыртқы төмпешігінің ұзындығы
15. Алақанның ішкі төмпешігінің ұзындығы
16. Пародиттің ұзындығы - L.par.
17. Пародиттің көлденең ұзындығы.

Морфометриялық белгілерін штангенциркульменанықтап, алынған мәліметтерді вариациялық статистика бойынша өңдеп: компьютердегі Статграф бағдарламасындағы МК 61 микрокалькуляторымен есептедік. Түрлерге баға қою үшін Стьюдент критерийін (t) қолдандық. Жүргізілген морфометриялық анализ негізінде даната бақасының (*Bufo danatensis*) ерекшеліктерін байқадық:

Дене ұзындығы (L) ♂ (n=20) 64,19, (n=24) 58,8; дене ұзындығы мен басының ұзындығының қатынасы (L/Lc) ♂-3,55, ♀-3,3; көзінің ұзындығы мен барабанды жарғақшаның горизонтальды диаметрінің қатынасы (L.o./L.tum) ♂-2,32, ♀-2,75; Бөксе ұзындығы мен балтыр ұзындығының қатынасы (F/T) ♂ және ♀ — 1,05; Артқы аяғының бірінші ішкі алақанының ұзындығы мен ішкі алақанының төмпешігінің ұзындығы (D.p/C.int) ♂-1,28, ♀-1,19 (N1 кесте).

Түсі ашық сұр, сарғыш түсті. Денесінің бүршіктерінің үстінде майда қызыл нүктелері болады, артқы аяқтарының ақтары хоастикалық түрде орналасқан, пародиттері дөңгелектеу, ұзындығы 9,5, пародитінің артқы жағы біраз қысыңқы, алдыңғы бөлігі жалпақ ассиметриялы, аяқ ұзындығы 24,5. Даната бақасының (*Bufo danatensis*) полиплоидты түр генотипі $4n=44$.

Зерттеулер мәліметтері барлығы 44 даната бақсынан оның ішінде 20-аталығы, 24 аналықтан алынған. Даната бақаларына жүргізілген морфометриялық анализ төмендегіні көрсетті: аталықтары мен аналықтарының сыртқы морфологиялық ерекшеліктерімен салыстырғанда, мына белгілері өзгерген, атап айтсақ дене ұзындығы (L) көрсеткіші бойынша аталықтары – 64,19, аналықтары – 58,8. Ал қалған 16 белгісі бойынша айырмашылықтар аз.

**Кесте 1 Даната бақалардың морфометриялық көрсеткіштері
(мм) (20 ♂ 24 ♀)**

Көрсеткіш	Жынысы	M ± m	Lim	δ	C %	t
1	2	3	4	5	6	7
L	♂	64,19 ± 0,8	43,3-77,2	5,8	8,9	2,64
	♀	58,8 ± 1,55	58,5-80,1	5,3	7,8	
	♂♀	60,5 ± 0,72	48,3-80,1	5,8	9,0	
L.c	♂	18,07 ± 0,3	11,5-24,6	2,28	12,6	0,4
	♀	17,8 ± 0,56	14,7-25	2,46	13,8	
	♂♀	18,01 ± 0,26	11,5-25	2,32	12,9	
Lt.c.	♂	22,9 ± 0,51	12,2-31	3,84	16,8	0,91
	♀	22,0 ± 0,84	16,5-28	3,66	16,6	
	♂♀	22,7 ± 0,43	12,2-31	3,79	16,7	
D.n.o.	♂	4,8 ± 0,1	3-6,5	0,74	15,3	0,49
	♀	4,9 ± 0,18	3,3-6	0,75	15,4	
	♂♀	4,8 ± 0,08	3-6,5	0,73	15,1	
L.o.	♂	6,5 ± 0,09	5-8	0,65	10,0	0,39
	♀	6,6 ± 0,24	4,4-9	1,03	15,7	
	♂♀	6,5 ± 0,09	4,4-9	0,76	11,6	
Sp.n.	♂	4,4 ± 0,08	2,6-6	0,63	14,6	0,93
	♀	4,6 ± 0,2	3,1-6,7	0,88	19,1	
	♂♀	4,4 ± 0,08	2,6-6	0,71	16,0	
F	♂	25,0 ± 0,5	15-31,2	3,81	15,3	2,22
	♀	23,2 ± 0,64	18,5-28	2,8	12,1	

	♂♀	24.5±0.41	15-31,2	3,63	14,8	
T	♂	23,7±0,47	14,1-29,6	3,55	15,0	2,2
	♀	21,9±0,67	18,8-26,8	2,9	13,3	
	♂♀	23,3 ± 0,4	14,1-29,6	3,48	14,9	
	♂	4,5±0,11	2,3-7	0,84	18,5	1,03
	♀	4,3±0,16	3,2-5,5	0,68	16,0	
	♂♀	4,5±0,09	2,3-7	0,8	18,0	
C.int.	♂	3,5±0,07	2,2-4,3	0,51	14,5	0,55
	♀	3,6±0,17	2,8-5,6	0,74	20,6	
	♂♀	3,5 ± 0,06	2,2-5,6	0,56	15,9	
7	♂	2,2±0,06	1,5-3	0,48	22,4	0,74
	♀	2,3±0,12	1,9-3,8	0,54	23,1	
	♂♀	2,2±0,05	1,5-3,8	0,42	19,2	
8	♂	3,2±0,1	1,7-6	0,75	23,8	2,12
	♀	2,9±0,1	2-3,9	0,44	15,2	
	♂♀	3,1 ± 0,07	1,7-6	0,64	20,5	
L.tum.	♂	2,8±0,09	1,5-4,2	0,67	24,0	1,15
	♀	2,4±0,08	1,8-3	0,36	14,9	
	♂♀	2,7±0,07	1,5-4,2	0,63	23,4	
14	♂	4,5±0,1	2,9-5,7	0,78	17,5	0,49
	♀	4,4 0,18	3-5,6	0,77	17,6	
	♂♀	4,4±0,09	2,9-5,7	0,77	17,4	
15	♂	3,4±0,09	1,7-4,6	0,66	19,6	1,8
	♀	3,1 ± 0,14	2-4,2	0,6	19,4	
	♂♀	3,3±0,07	1,7-4,6	0,65	19,7	
L.par.	♂	7,3±0,3	6-12,5	2,23	15,6	0,77
	♀	8,8±0,57	6,1-10	2,48	18,0	
	♂♀	9,5±0,26	8-11,5	2,27	16,1	

17	♂	8,3±0,23	5-11,7	1,71	20,6	1,61
	♀	7,6±0,37	4,6-10	1,64	21,5	
	♂♀	8,1±0,2	4,6-11,7	1,69	20,8	

Даната бақасының гельминтофаунасын зерттеу үшін барлығы 44, оның ішінде 20 аталығы, 24 аталығы алынды. Зерттеу нәтижесінде гельминттердің 42 түрі анықталды, оларда 13 трематодалар, 1 моногений, 1 цестода, 24 нематодалар және 3 акантоцефалдар.

Даната бақаның гельминтофаунасы түрге бай болғанымен, олардың негізін нематодтар құрайды (24 түр), олар жиілік кездесу және түрінің құрамы бойынша доминант болып табылады.

Бақаларда 90% зақымдану *Rhabdias bufonius* болып табылды, 86% *Cosmoserca commutate*, 60% *Oswaldocruzia ivanitzkyi* және т.б. Даната бақалардағы кездескен барлық нематодалар геогельминттер болып саналады, олардың дамуы құрлықпен байланысты.

Даната бақасының гельминтофаунасының құрамында нематодтардың, олардың ішінде геонематодалар басым болып келеді, себебі, даната бақасының экологиялық ерекшеліктеріне, құрылықта тіршілік етуіне және сумен тек қысқа мерзімге байланысты екенінде болу керек. Гельминтофаунасында нематодтардың, акантоцефалардың және цестодтардың болуын құрлықта тіршілік етуімен және насекомдармен қоректенуіне байланысты деп түсіндіруге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бердибаева З. Некоторые вопросы распространения озерных лягушек на рисовых чеках. Автореф. канд. дисс. – Алма-Ата, 1986. – 95-98
2. Hemmer. H, Schmidtler. J. Bohnе. W., Zur systematik zentralasiaticer Drunkroten (*Bufo viridis* complex) (Amphibia, Salientia, Bufonidae) / Zool. Abh. Staatl. Mus. Tierkunde.– Dresden, 1998,34.– №24. – P.P.349-384.
3. Писанец Е. М., Щербак Н.Н. Систематика зеленых жаб (Amphibia, Anura) фауны СССР. / Вестник зоол. 1979.– №4 –11-16 с.
4. Атаев Ч.А. К экологии данатинской жабы на Кюрендаге / Изв. АНТССР, сер. биол. науки, 1987.–№3.– 67-69 с.
5. Боркин Л., Кузьмин С.Л. Амфибии Монголии / Амфибии и рептилии МНР – М.: Наука. 1988. – С.30–197
6. Голубев И.С. Материалы по внутривидовой систематике земноводных. Вестник зоологи. Наукова Думка.– Киев, 1990. – С.120-122
7. Вершинин В.Л. Видовой состав и биологические особенности амфибий промышленных городов. Автореф. канд. дисс. – Свердловск, 1987.–С.48–50
8. Топоркова В. Земноводные // Вестник зоологии– Киев, 1985.–С. 122-125
9. Добринский Л. Малофеев С. Земноводные. Озерная лягушка. // Наука, М.:1974.– С. 85-89

10. Ковшарь А. Ф. Лягушка. – Москва, Сов. наука, 1964

ИДИЯТУЛЛАЕВА Ж.Д., САРТАЕВА Х.М. СОВРЕМЕННОЕ СИСТЕМАТИЧЕСКОЕ И ГЕЛЬМИНТОЛОГИЧЕСКОЕ ПОЛОЖЕНИЕ ДАНАТИНСКОЙ ЖАБЫ (BUFO DANATENSIS)

В статье приводятся данные по изучению систематического и гельминтологического положения представителей земноводных - комплекса жаб, а именно данатинской жабы, которая имеет генетическое различие от широко распространенной зеленой жабы. Кроме этого представлен морфометрический анализ этих видов по общепринятым для амфибий 17 признакам.

***Ключевые слова:** систематика, земноводные, комплекс жаб, данатинская жаба, зеленая жаба, морфометрия, гельминтофауна.*

IDIATULLAEVA J.D., SARTAYEVA H.M. CURRENT STATUS OF SYSTEMATIC AND LATIN HELMINTHOLOGICAL TOAD (BUFO DANATENSIS)

The article presents data on the study and systematic helminthological situation of the amphibians - frogs complex, namely danatinskoy toad, which has a genetic difference from the widespread green toad. Besides presented morphometric analysis of these types of amphibians, 17 for common grounds.

***Keywords:** systematics, amphibians, toads complex, danatinskaya toad, green toad, morphometry, helminthofauna.*

ЭОЖ 51:37

ТРИГОНОМЕТРИЯЛЫҚ ТЕҢДЕУЛЕРДІ ШЕШУДЕ КӨБЕЙТКІШТЕРГЕ ЖІКТЕУ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ

ҚАРСЫБАЙ О., АЛТЫНБЕКОВ Ш.А.

Тригонометриялық теңдеулерді шешкенде көп тараған әдістердің бірі – көбейткіштерге жіктеу әдісі. Мақалада осы әдіс көмегінде тригонометриялық теңдеулер шешіледі, мысалдар келтіріледі.

***Кілтсөздер:** Тригонометриялық теңдеулер, көбейткіштер, тригонометриялық теңдеулерді шешуде көбейткіштерге жіктеу әдісі*

Тригонометриялық теңдеулерді шешкенде көп тараған әдістердің бірі – көбейткіштерге жіктеу әдісі. Бұл әдістің жалпы сұрақтары В.Г.Болтянскийдің, Ю.В.Сидоровтың, М.И.Шабуниннің, А.Г.Цыпкиның, А.И.Пинскийдің [1-3] жұмыстарында келтірілген.

Бұл жерде біз бірнеше қарапайым тригонометриялық теңдеулерді көбейткіштерге жіктеу әдісінде шешумен шектелеміз.

Мысалдар қарастырайық. 1-м ы с а л .

$2\sin x \cos 2x - 1 + 2\cos 2x - \sin x = 0$ теңдеуді шешейік.

Ш е ш у і . Бірінші және үшінші қосылғыштардың ортақ көбейткіштерін жақша сыртына шығарып теңдеуді мына түрде жазамыз:

$$2 \cos 2x(\sin x + 1) - (\sin x + 1) = 0 \text{ немесе}$$

$$(2 \cos 2x - 1)(\sin x + 1) = 0.$$

Теңдеудің сол жағы x -тің бүкіл мәндерінде анықталғандықтан, берілген теңдеу келесі екі теңдеуге ажырайды:

$$2 \cos 2x - 1 = 0, \quad (1)$$

$$\sin x + 1 = 0 \quad (2)$$

(берілген теңдеу (1) және (2) теңдеулердің дизъюнкциясына мәндес).

(1) және (2) теңдеулер келесі шешімдерге ие:

$$x = \pm \frac{\pi}{6} + \pi n, \quad n \in \mathbb{Z}; \quad x = -\frac{\pi}{2} + 2\pi k, \quad k \in \mathbb{Z}.$$

2-м ы с а л . $\frac{\cos 3x}{\sin 2x} = \frac{\cos 5x}{\sin 2x}$ теңдеуді шешейік.

Ш е ш у і . Теңдеуді былай жазуға болады: $\frac{\cos 3x - \cos 5x}{\sin 2x} = 0$. Косинустардың айырмасы үшін формуланы пайдалансақ, бұл теңдеуден:

$$\frac{2 \sin 4x \sin x}{\sin 2x} = 0, \text{ яғни}$$

$$\sin 4x = 0, \quad (3)$$

$$\sin x = 0. \quad (4)$$

$$\sin 2x \neq 0. \quad (5)$$

Егер $\sin x = 0$ болса, онда $\sin 2x = 0$ болады, сондықтан (4) теңдеудің түбірлері берілген теңдеудің түбірлері бола алмайды. Егер $\sin 4x = 0$ болса, онда не $\cos 2x = 0$, не $\sin 2x = 0$. Сонымен, берілген теңдеу $\cos 2x = 0$ теңдеуге мәндес.

$$\text{Жауабы: } x = \frac{\pi}{4} + \frac{\pi n}{2}, \quad n \in \mathbb{Z}.$$

3-м ы с а л . $\cos^3 x + \sin^3 x = \cos 2x$ теңдеуді шешейік.

Ш е ш у і . Қысқаша көбейту формуласы мен косинус үшін, қос аргумент формуласына сәйкес, берілген теңдеуді мына түрде жазуға болады

$$(\cos x + \sin x)(\cos^2 x - \cos x \sin x + \sin^2 x) = \cos^2 x - \sin^2 x$$

немесе

$$(\cos x + \sin x)[1 - \cos x \sin x - (\cos x - \sin x)] = 0.$$

Бұл жерден:

$$\cos x + \sin x = 0, \quad 1 - (\cos x - \sin x) - \cos x \sin x = 0.$$

Бірінші теңдеудің шешімі: $x = -\frac{\pi}{4} + \pi n, n \in Z$.

Екінші теңдеу $\cos x - \sin x = t$ алмастыру енгізгенде $\left(\cos x \sin x = \frac{1-t^2}{2}\right) t^2 - 2t + 1 = 0$ теңдеуге келтіріледі. Бұл жерден: $t = 1$

немесе $\cos x - \sin x = 1$, яғни $\cos\left(x + \frac{\pi}{4}\right) = \frac{1}{\sqrt{2}}$. Бұл соңғы теңдеудің

шешімі: $x + \frac{\pi}{4} = \pm \frac{\pi}{4} + 2\pi n, n \in Z$.

$$\text{Жауабы: } x = -\frac{\pi}{4} + \pi n; \quad x = 2\pi n; \quad x = -\frac{\pi}{2} + 2\pi n,$$

$n \in Z$.

Көбейткіштерге жіктеу әдісімен келесі түрдегі теңдеулерді шешуге болады:

$$1) \sin(ax + \alpha) = \sin(bx + \beta), \quad (6)$$

$$2) \cos(ax + \alpha) = \cos(bx + \beta), \quad (7)$$

$$3) \sin(ax + \alpha) = \cos(bx + \beta), \quad (8)$$

мұндағы a, b, α, β – кез келген мәндерді қабылдайды.

Мысалы, (6) теңдеуді қарастырайық.

Синустар айырмасының формуласына сәйкес, бұл теңдеуді мына түрде жазуға болады:

$$2 \sin \frac{(a-b)x + \alpha - \beta}{2} \cos \frac{(a+b)x + \alpha + \beta}{2} = 0. \quad (9)$$

Бұл жерде $a \neq b, a \neq -b$ десек, сонда (9)-дан табатынымыз:

$$\frac{a-b}{2}x + \frac{\alpha - \beta}{2} = \pi n, \quad x = -\frac{\alpha - \beta}{a-b} + \frac{2\pi n}{a-b}, n \in Z;$$

$$\frac{(a+b)x + \alpha + \beta}{2} = \frac{\pi}{2} + \pi n, \quad x = \frac{\pi(2n+1) - (\alpha + \beta)}{a+b}, n \in Z.$$

Дәл осылай (7) теңдеудің шешімін табуға болады.

$$\cos(bx + \beta) = \sin\left(\frac{\pi}{2} - bx - \beta\right) \text{ болғандықтан, (8) теңдеу (6) теңдеуге}$$

келтіріледі. 4-мысал. $\cos 3x + \sin 5x = 0$ теңдеуді шешейік.

Шешуі.

$$\cos 3x + \cos\left(\frac{\pi}{2} - 5x\right) = 0,$$

$$\cos\left(\frac{\pi}{4} - x\right)\cos\left(4x - \frac{\pi}{4}\right) = 0,$$

$$x = \frac{3\pi}{4} + \pi n, \quad x = \frac{3}{16}\pi + \frac{\pi n}{4}, \quad n \in Z.$$

Кей кезде, көбейткішке жіктеу әдісін қолданудан алдын өзге түрлендірулерді қолдануға тура келеді, мысалы, тригонометриялық функциялардың көбейтіндісін қосындыға түрлендіру. 5-мысал.

$$\sin x \cos 5x = \sin 9x \cos 3x \quad (10)$$

теңдеуді шешейік.

Шешуі. Тригонометриялық функциялардың көбейтіндісін қосындыға түрлендіре, теңдеуді мына түрде жазамыз:

$$\frac{1}{2}(\sin 6x - \sin 4x) = \frac{1}{2}(\sin 12x + \sin 6x).$$

Осыдан табамыз: $\sin 12x + \sin 4x = 0$. Енді көбейткішке жіктеу әдісін қолдансақ:

$$2 \sin 8x \cos 4x = 0.$$

$$\text{Жауабы: } x = \frac{\pi n}{8}, \quad n \in Z.$$

Тригонометриялық функциялардың қосындысына өтуге негізделген тәсіл көмегінде (10) теңдеуді ешбір қиындықсыз шеше алдық. Себебі, түрлендіруден соң теңдеудің сол және оң жақтарында бірдей мүшелер келіп шықты $\left(\frac{1}{2} \sin 6x\right)$. Осы тәсілде (егер $a - b = c - d$ шарты орындалса) мына түрдегі теңдеулерді шешуге болады:

$$\sin ax \cos bx = \sin cx \cos dx;$$

$$\sin ax \sin bx = \cos cx \cos dx;$$

$$\sin ax \sin bx = \sin cx \sin dx;$$

$$\cos ax \cos bx = \cos cx \cos dx.$$

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Болтянский В.Г. и др. Лекции и задачи по элементарной математике.– М.: Наука, 1974.– 576 с.
2. Вакульчик О.П. и др. Решение конкурсных задач по математике /Под ред. М.И.Сканави.- Киев: Нора-Принт, 1997.- Вып. 5.– 431 с.
3. Вересова Е.Е. и др. Практикум по решению математических задач.- М.: Просвещение. 1979.- 239 с.

КАРСЫБАЙ О., АЛТЫНБЕКОВША. ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МЕТОДА РАЗЛОЖЕНИЯ НА МНОЖИТЕЛИ ПРИ РЕШЕНИИ ТРИГОНОМЕТРИЧЕСКИХ УРАВНЕНИЙ

Один из самых распространенных методов решений тригонометрических уравнений является метод разложения на множители. В статье с помощью этого метода решаются тригонометрические уравнения и приводятся примеры.

Ключевые слова: Тригонометрические уравнения, кратные, метод, факторизация для решения тригонометрических уравнений.

KARSYBAY O., AITYNBEKOV SH.A. THE USE OF FACTORING IN THE DECISION TRIGONOMETRIC EQUATIONS.

One of the most common methods of making trigonometric equations is the method of factoring . The article by this method are solved trigonometric equations and give examples.

Keywords: Trigonometric equations , multiples , factorization method for solving trigonometric equations .

ӘОЖ (51:37)

**АНЫҚТАЛМАҒАН ТЕҢДЕУЛЕРДІҢ НАҚТЫ ТҮБІРЛЕРІН
ТАБУ ӘДІСІ**

МҰСА Ж.Е., АЛТЫНБЕКОВ Ш.А.

Мақалада анықталмаған теңдеулерді шешу әдістері қарастырылып, мысалдар шешіледі. Шексіз көбейтінді түріндегі теңдеулерді шешуде қысқаша көбейту формулалары қолданылған.

Кілт сөздер: анықталмаған теңдеулер, қысқаша көбейту формуласы, әдістері.

Қазіргі уақытта математикамен кәсіби түрде немесе әуесқойлықпен айналысқанның барлығы Диофанттық теңдеу туралы, тіпті Диофанттық анализ туралы естіген болар. Соңғы 15-20 жылдары өзінің алгебралық геометрияға жақындығына байланысты ол «сәнге» айналды.

Сонымен қатар анықталмаған анализге атау берген Диофанттың өзі туралы, антикалық заманның қызықты оқымыстыларының бірі туралы ештеңе айтылмаған. Оның еңбектері туралы тарихшылар өздерінің кері көзқарасына ие. Олардың көпшілігінің ойынша, Диофант қу, алайда

жекелеген әдістерді пайдалана отырып, анықталмаған теңдеулерге ұқсайтын жекелеген есептерді шешумен айналысқан. Виет пен Ферма үшін оның әдістері түсінікті болды және олар жаңа есептерді шешу үшін оларды пайдаланады.

Диофант идеяларының дамуы Анри Пуанкаре мен Андре Вейльдің жұмыстарына дейін жалғасты. Сондықтан, Диофант анализінің тарихына ерекше қызықты [1].

Бұл ғылыми жұмыста анықталмаған теңдеулердің бүтін және нақты түбірлерін табу әдістері келтіріліп, мысалдар қарастырылады [2,3].

1 - мысал. $x+y+z=0$ теңдеудің $[-1;1]$ кесіндіде неше бүтін түбірі бар?

Осы түбірлерді табыңыз.

Шешуі. Кесіндіде үш $(-1;0;1)$ бүтін сан болғандықтан, орналастыру теоремасына $i=3$ сәйкес $(P_3=3!=6)$ теңдеудің алты бүтін шешімі бар: $(-1;0;1)$, $(-1;1;0)$, $(0;-1;1)$, $(0;1;-1)$, $(1;-1;0)$, $(1;0;-1)$.

2-мысал. Жоғарыда берілген $x+y+z=0$ теңдеудің $[-1;1]$ кесіндісінде неше нақты түбірі бар?

Шешуі: қарама-қарсы таңбалы сандарды қосу ережесіне сәйкес ноль санына қатысты симметриялы орналасқан шексіз нақты шешімдері бар.

3-мысал. $x_1+x_2+\dots+x_n+\dots=1$ теңдеудің бірден бір оң нақты түбірлерін табыңыз.

Шешуі. Белгісіздер саны шексіз болғандықтан, есептің шартына сәйкес бұл түбірлерді табу үшін (теңдеуді шешу үшін) шексіз кемімелі геометриялық прогрессияны қолданамыз.

Ол үшін өткенімізді шолып,

$\left(S = \frac{b_1}{1-q}, |q| < 1 \right)$ теңдеудің екі жағын талдаймыз

Өткеніміз бізге жол сілтейді: $x_1 = \frac{1}{2}, q = \frac{1}{2}$

$$S = \sum_{n=1}^{\infty} \frac{1}{2^n} = \frac{x_1}{1-q} = \frac{\frac{1}{2}}{\frac{1}{2}} = 1$$

Ендеше жауабы: $x_1 = \frac{1}{2}; x_2 = \frac{1}{2^2}; x_3 = \frac{1}{2^3}; \dots; x_n = \frac{1}{2^n}, \dots$

4-мысал $x_1 \cdot x_2 \cdot x_3 \cdot \dots \cdot x_n \cdot \dots = \frac{2}{3}$ теңдеудің бірден бір нақты түбірлерін табыңыз.

Шешуі. Берілген теңдеудің екі жағын талдау, теңдеуді шешу үшін бізді қысқаша көбейту формулаларына алып келеді. Себебі, өзге жолы жоқ.

Теңдеудің оң жағында тұрған сан, түбірлерді бөлшек түрінде ізде деп тұрғандай. Бұл жағдайда мына формулаларды:

1. $a^2 - b^2 = (a-b)(a+b)$
2. $(a+b)^2 = a^2 + 2ab + b^2$
3. $(a-b)^2 = a^2 - 2ab + b^2$
4. $(a+b)^3 = a^3 + 3a^2b + 3ab^2 + b^3$
5. $(a-b)^3 = a^3 - 3a^2b + 3ab^2 - b^3$

колдану тиімсіз. Олай болса, қалған екі формуланы колданамыз

6. $a^3 + b^3 = (a+b)(a^2 - ab + b^2)$
7. $a^3 - b^3 = (a-b)(a^2 + ab + b^2)$

Қолданып көрейік. Теңдеудің оң жағында тұрған санның алымы бөлімінен кіші болғандықтан, ізделінді түбірлердің алымы да бөлімінен кіші болып келеді.

Сондықтан, ізделінді түбірлерді $\frac{a_n^3 - b_n^3}{a_n^3 + b_n^3}$ түрінде іздестіреміз.

Осыдан, теңдеудің оң жағында сан тұрғандықтан, көбейту барысында өрнектер қысқарып, нәтиже $\frac{2}{3}$ саны келіп шығатын a_n және b_n -ді таңдаймыз.

Формулаларға және сандардың қысқаруы ережелеріне сәйкес $a_n = n$, $b_n = 1$ деп таңдасақ,

$$\prod_{n=2}^{\infty} \frac{n^3 - 1}{n^3 + 1} = \prod_{n=2}^{\infty} \frac{(n-1)(n^2 + n + 1)}{(n+1)(n^2 - n + 1)} = \prod_{n=2}^{\infty} \frac{n-1}{n+1} \cdot \frac{n^2 + n + 1}{n^2 - n + 1} =$$

$$= \frac{1}{3} \cdot \frac{7}{3} \cdot \frac{2}{4} \cdot \frac{13}{7} \cdot \frac{3}{5} \cdot \frac{21}{13} \cdot \frac{4}{6} \cdot \frac{31}{21} \dots = \frac{2}{3}$$

Сонымен, жауабы: $x_n = \frac{n^3 - 1}{n^3 + 1}, n = 2, 3, 4, \dots$

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Башмакова И.Г. Диофант и Диофантовы уравнения. – М, 1972
2. Цыпкин А.Г. Справочник по математике для средней школы М: Наука, 1980
3. Бейсеков Ж., Рахымбек Д., Шарипов Т.А. Орта мектепте математиканы оқытудың әдістемесіне арналған оқу құралы. – Шымкент, 2003. – 180б

МҰСА Ж.Е., АЛТЫНБЕКОВ Ш.А. МЕТОДЫ ОПРЕДЕЛЕНИЯ КОНКРЕТНЫХ РЕШЕНИЙ НЕОПРЕДЕЛЕННЫХ УРАВНЕНИЙ

В статье излагаются методы решения неопределенных уравнений и приводятся примеры. Применяются формулы сокращенных умножений при решении уравнений вида бесконечных сомножителей.

Ключевые слова: неопределенные уравнения, формулы сокращенных умножений, методы.

MUSA ZH.E., AITYNBEKOV SH.A. METHODS SPECIFIC SOLUTIONS OF INDETERMINATE EQUATIONS

The article describes methods for solving indeterminate equations and examples. Apply the reduction formula multiplying in solving equations of the form of endless factors.

Keywords: *uncertain equations, formulas of abridged multiplication methods.*

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕПТЕРДЕГІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ

ӘОЖ 372.8:811.512.122+004.357

МУЛЬТИМЕДИА ҚҰРАЛДАРЫН ОРЫС МЕКТЕПТЕРІНДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ПАЙДАЛАНУ

АБДРАИМОВА Ж.Е., НУРМУХАНБЕТОВА Г.К.

Мақалада қазақ тілін оқытуда мультимедиялық технологияларды қолдану қарастырылған.

Кілт сөздер: *MacromediaFlash технологиясы, қашықтықтан оқыту, инновация.*

Мультимедиялық технологиялар – бейнелік және аудиоэффектілік әртүрлі мультимедиялық мүмкіндіктерді интерактивті программалық жабдықтың басқаруымен орындалатын электрондық құжаттарды дайындау тәсілдері.

Мультимедия құралдары деп, әртүрлі орталарды: графиканы, гипермәтінді, дыбысты, анимацияны, бейнелік көріністерді пайдалана отырып, тұтынушының компьютермен әрекеттесуін жүзеге асыратын аппараттық және бағдарламалық құралдардың біріктірілген кешендерін айтады.

Мультимедия жарнамалық бизнесте, компьютерлік ойындар жасауда кең қолданылады. Мультимедия технологияларының қызықты мүмкіндіктері электронды оқу құралдарын жасауда және де басқа оқып үйренуге арналған материалдар дайындауда көп пайдаланылады. Мультимедиялық технологияларды кеңінен қолдану оқытудың қазіргі компьютерлік технологияларын дамытудың жаңа бағыттарын дамытуға зор үлес қосып келеді.

Мультимедия технологиялары құралдарын оқу-әдістемелік материалдары кешендерін жасауда қалай қолдануға болады? Оларға әртүрлі

мультимедиалық эффектілерді жай мәтіндермен салыстырғанда қандай көлемде қосуға болады? Оқу құжаттарында мультимедиалық қосымшалар пайдалануға шек қойыла ма? Осындай мәселелерді шешу бағытында нақты зерттеу жұмыстарын жүргізу керек, өйткені, гармонияны бұзу, өте жарқын, әсерлі қосымшаларды, мультимедиалық эффектілерді шамадан тыс қолдану оқушылардың жұмыс қабілетін төмендетіп, оларды тез шаршатуы да ықтимал. Осындай сұрақтарға жауап беру, оқыту ісіндегі шамадан асып шарықтауды болдырмай, оқу-әдістемелік материалдарын тек эффектілі түрде көрсетпей, оның тиімді жағын қамтамасыз етуі керек.

Мұндай оқулықтың мынадай бөлімдері болады: теориялық бөлім, бақылау тапсырмалары, лабораториялық жұмыстар, өзін-өзі тексеру сұрақтары. Бұлар қалыпты оқулықтарда да болады. Бірақ электрондық оқулық көлемі шағын (бір компакт-дискіге толық сияды), оның ішінде балаларды қызықтыратын бейнефильмдер, дыбыстық үлгідегі мәтіндер мен әндер болғандықтан, оның берері мәліметі де толығырақ болады. Дискіні пайдалану да жеңіл, түсінбей қалған жағдайда бір оқыған материалға қайтып оралу да қиын емес. Кітапты парактап отырғаннан гөрі пернелерді басып кез келген тақырыпқа да оңай көшуге де болады. Мұндай оқу құралы балаларды қызықтырып, сол пәнді ары карай тереңдетіп оқуға итермелейтіні сөзсіз. Бұл, әрине, білім деңгейіне әсер етпей қоймайды [1].

Мультимедиалық технологиялар мұғалімдерге қалыпты оқыту жүйесінің бұрынғы тәсілдерінен бас тартып, еңбек етудің интеллектуалдық түрлерін пайдалануға мүмкіндік туғызып, оқу материалдарын басты көлемдерін бұрынғыша азайтып, жаңа тәсілдің жақсы жақтарын кеңінен қолдануға итермелейді.

Елбасы өзінің қазақстандықтарға арнаған Жолдауында оқу-тәрбие үдерісін ақпараттық технологиялармен барынша қамтамасыз ету міндетін білім беру жүйесінің басты мақсатының бірі және оның болашағы үшін маңызды фактор екенін атап көрсеткен болатын. Оқытудың жана инновациялық әдістері мен пәнге байланысты жаңа технологияларды пайдалануға итермелейді. «Инновация» деген ұғым латын тілінде жаңарту, жаңалық, өзгеріс енгізу деген түсінікті білдіреді[1].

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде дамуы, қолданылу аясын кеңейтуі – еліміздегі білім беру саласында жүргізілетін ең басым бағыттардың бірі. Білім негізі мектепте қаланады. Кез келген өркениетті елде көп тіл білу басты мақсат екенін мектеп оқушылары жақсы біледі. Қазіргі таңда қоғамның, өмірдің аяқ алысына ілесе білу үшін көп тілді, оның ішінде мемлекеттік тілді білмеу салдарынан баласының ертеңі бұлыңғыр болатынын әрбір ата-ана жете түсінеді. Сондықтан да орыс мектептерінде қазақ тілін оқытушы мұғалімдерге талап-тілек өте зор. Орыс мектептерінде орыс тілді балалар, оның ішінде қазақ балалары да, қазақ тілін екінші тіл ретінде қабылдайды.

Оқушылардың қазақ тіліне деген ынта, қызығушылығын, тіл үйренуге деген белсенділігін арттыру мұғалімнің білімділігімен қатар шеберлігін қажет етеді. Бүгінгі күні қазақ тілін үйретуде мұғалімнің ең бірінші көмекшісі – ақпараттық техникалық құралдар. Техникалық құралдар бізге әртүрлі жұмысты тез және қысқа мерзімде, жан-жақты, түрлі-түсті, көркем етіп жеткізуге мүмкіндік береді. Ал оқушыға өз бетінше орындап, білім деңгейін тексеруге мүмкіндік туғызады. Сондықтан орыс тілінде оқытылатын мектептерде қазақ тілін тиімді оқыту, электронды оқулықтар жасау, жұмыс дәптерлерін әзірлеу – өте зәру іс. Орыс тілінде оқитын оқушылар үшін қазақ тілінен заман талабына сай электронды оқулық жасау, жұмыс дәптерлерін әзірлеудің ең тиімді жолдары, балалардың жасына лайық мәтіндер таңдау – бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі. Орыс тілді сыныптарда шет тілдерін оқытудың ең үздік әдістері, қазақ тілін оқыту мәселесі, сол тілді тудырған халықтың мәдениеті, әдебиеті, әдет-ғұрпы, салт-санасын ескере отырып жасалатын болады [1].

Орыс тілінде оқитын мектеп оқушылары үшін электрондық оқулықтар жасау, жұмыс дәптерін әзірлеу негізгі күтілетін нәтиже болып табылады. Бұл жұмыстардың бүгінгі мектеп оқушыларына, ертеңгі отандастарымызға мемлекеттік тілді меңгертуде маңызы зор. Мультимедиалық технологиялар мұғалімдерге қалыпты оқыту жүйесінің бұрынғы тәсілдерінен бас тартып, еңбек етудің интеллектуалдық түрлерін пайдалануға мүмкіндік туғызып, оқу материалдарын басты көлемдерін бұрынғыша азайтып, жаңа тәсілдің жақсы жақтарын кеңінен қолдануға итермелейді. Жаңа мультимедиалық технологияларға байланысты компьютерлік программаларды да көрнекі материал ретінде қолданып, тесттер мен бақылау жұмыстарын өткізіп, шығармашылықты дамытатын есептер шығарып, қашықтан оқыту сабақтарына қатысып, бұрынғы қалыптағы тәсілмен қоса компьютерлерде де жұмыс істеуді қатар атқарып, әрбір балаға бағытталған ойын сабақтарын т.с.с. жасау мүмкін болып отыр [2].

Соңғы кезде электронды оқыту өнімдері нарығында, Macromedia Flash технологиясы негізінде жасалған және тәжірибесі жоқ компьютер қолданушысына программалық өнімдер жасау мүмкіндігін беретін оқу құралдары мен мультимедиалық оқулықтар саны көбейіп барады. Қазір Macromedia Flash-технологиясы ең жаңа және кең қолданылып жатқан технология болып табылады [3].

Сонымен, қазақ тілін өзге ұлт өкілдері үшін мультимедиа материалдары арқылы алатын білім аса тиімді әрі нәтижелі. Мультимедиа форматындағы құралдар (аудио және бейнемәтіндер.) ерекше методологиялық үлгілерден және лингвистика мен әдістеме теорияларына сай тілді оқыту мақсаттарына байланысты сұрыпталып алынады. Қазақ тілін оқыту әдістемесін алатын болсақ, осы тілде көркем фильмдерді қарап, тілді

лингофон кабинетінде арнайы құрал арқылы естіп, сол тілдік ортаға еніп, тілді сіңіру жұмысы аса тиімді. Қазақ тілін оқыту әдістемесінде өте маңызды бағыт: мультимедиалық презентациялар. Мультимедиа алуан түрлі ақпараттық нысандардың бірлігінен, мысалы, мәтін, графика, бейне (video) анимация және дыбыстан тұрады.

Қорыта айтқанда, бұл мақалада қарастырған тақырып бойынша, яғни тәрбиелік мағынасы зор компьютерлік оқулық жасауда Flash бағдарламасының мүмкіндіктері мақсатымызға толық жету үшін өте маңызды рөл атқарады. Және оның оқулықтар жасаудағы басты артықшылықтарының бірі бұл программада шексіз көп кадрлар мен қабаттарды қолдануға болады. Macromedia Flash технологиясын, сондай-ақ қашықтықтан оқыту (дистанционное обучение) әдісіне арналған оқулықтар жасауда да пайдалануға болады. Осы бағытта 2-ші орыс сыныбына қазақ тілін үйренуге арналған Г.К.Доспанбетова мен С.Үсенбаеваның әзірлеген жұмыс дәптерінің негізінде дайындалған компьютерлік оқыту бағдарлама үзінділері төмендегі суреттерде көрсетілген. 1-сурет. Интерактивті жұмыс дәптері.





Қазақ тілінде презентацияларды, компьютерлік жұмыс дәптерлерін дайындағанда, оқытушылар да, оқушылар да жоспарлау, жобалау үдерісінде жаңа білім мен білікке ие болады. Осы жұмыстың нәтижесінде *тәжірибе алмасу; ақпарат алмасу; мәселелер шешу әдістерімен алмасу; жеке және бірлескен жобалар нәтижелерімен алмасу* және тағы сол сияқты сан алуан амал-тәсілдерді жүзеге асыруға мүмкіндік бере алады.

Жаңа мультимедиалық технологияларға байланысты компьютерлік бағдарламаларды да көрнекі материал ретінде қолданып, тесттер мен бақылау жұмыстарын өткізіп, шығармашылықты дамытатын тапсырмалар орындап, бұрынғы қалыптағы тәсілмен қоса компьютерлерде де жұмыс істеуді қатар атқарып, әрбір балаға бағытталған ойын сабақтарын т.с.с. жасау мүмкін болып отыр.

Бұл бағыт жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаға бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үдерісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ақпараттық білім беру – бастауыш мектепте \ \ Қазақстан мектебі.– Алматы, 2006. – № 9. – Б.9-11.
2. Түндебаева Н. Орыс тілді аудиторияларда қазақ тілін коммуникативтік оқыту технологиясы /Қазақ тілі және әдебиеті орыс мектебінде.– 2007.– № 10. –3-7 б.б.
3. Жадаев Б. Г. 100% Самоучитель Macromedia Flash MX. «Технолоджи – 3000»–М. 2004

АБДРАИМОВА Ж.Е., НУРМУХАНБЕТОВА Г.К. ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СРЕДСТВ МУЛЬТИМЕДИА ПРИ ИЗУЧЕНИИ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА В РУССКОЯЗЫЧНЫХ ШКОЛАХ

В статье рассматриваются способы применения мультимедийных технологий в обучении казахского языка.

***Ключевые слова:** Macromedia Flash технологии, дистанционное обучение, инноваций.*

ABDRAIMOVA ZH.E., NURMUKHANBETOVA G. K. TRAINING OF USE OF MEANS OF MULTIMEDIA IN THE KAZAKH LANGUAGE AT THE RUSSIAN SCHOOLS

The Article is considered using multimedia technology in the studying of Kazakh language

***Key words:** MacromediaFlash technology, distance studying, innovative*

ӘӨЖ 37.091.3:811

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ КӨРКЕМДІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

КЕМЕШЕВ Д.А., КАЛЫКОВ А.Ш., АҚЫЛБАЕВ Б.М.

Мақалада бейнелеу өнері сабақтарында оқушыларды көркемдікке тәрбиелеудің басты мақсаттары қарастырылған.

***Кілт сөздер:** рухани қалыптасу, кішіпейілділік, ізеттілік, әдеп, адамгершілік, өркениет, мәдениет.*

Бейнелеу өнері сабақтарында оқушыларды көркемдікке тәрбиелеу – басты мақсаттардың бірі. Оқушыларды көркемдікке тәрбиелеу күнделікті өмір жағдайындағы адамгершілік іс-әрекет бірлігінен құралады. Өз қылықтарымен адам айналамен байланысып, ондағы жағдайлармен қарым-қатынас жасайды. Адамгершілік іс-әрекет қажеттігін қалыптастыру – әдептілік тәрбие ісінің маңызды бөлігі. Жалпы мәдениеттілік лексикасында әдеп, мораль, адамгершілік ұғымдары бірін-бірі алмастыра алады.

Бүгінгі күнгі мұғалімнің басты міндеті – қазақ ұлттық құндылықтарын оқушы бойына дарыта отырып, оның жүрек түкпіріндегі рухани қазынасын жарыққа шығару, әрбір баланы жеке тұлға ретінде жетілдіру үшін оның бойындағы барлық құндылықтарын дамыту. Мұғалім оқушыларын ұжым ортасында кішіпейілділікке, ізеттілікке, имандылыққа, инабаттылыққа тәрбиелеуді бірінші міндет етіп қоюы керек. «Егер бала нашар тәрбиеленсе, оған кінәлі тек қана тәрбиешілер. «Егер бала жақсы болса, онда ол тәрбиеге, балалық шағына қарыздар» деген сөзінде үлкен мән бар.

Қоғам мен баланың арасындағы көркемәдениетті меңгерудегі дәнекер, адамшылықпен толыққан, сынып ұжымын тәрбиелеудің әртүрлі қызметі арқылы қатынас жүйесін ұйымдастырушы, әрбір баланың жеке өзіндік өрнегі үшін жағдай жасаушы және әрбір тұлғаны дамытып, оның әлеуметтік мүмкіндіктерін ашып және балалық шақ қызықтарын қорғайтын–педагог-маман.

Еліміздің елу дамыған елдің қатарына қосылуына байланысты әлеуметтік-экономикалық, рухани салаларымыздың барлық жақтарында жаппай өзгерістер, жаңа бастамалар жасалып жатыр. Бұл өзгерістер рухани өміріміздің жанды саласы – жалпы білім беретін мектебінің оқу-тәрбие жұмысында қамтиды. Демек, ғылыми дүниетанымға жаңа көзбен қарап, жас азаматтың жеке тұлға болып қалыптасуын өркениеттік тұрғыдан бағалауға бет бұруымыз керек [1].

Қазіргі таңда білімнің интеграциялануын қамтамасыз ету, оның ғылыми деңгейін арттыру, тұтастай алғанда, оқушылардың жан-жақты танымдық әрекетіне тән дағдыларды қалыптастыру міндеті күн тәртібіне қойылып отыр.

Осы орайда жалпы білім мектептің және бастауыш мектептің оқу-тәрбие үдерісі негізінде ұйымдастырылуы, оның бір арнаға тоғысуы, адамның интеллектуалдық өрісін байытумен бірге, бүкіладамзаттық құндылықтар көзінің де бірлігін, жалпы ақиқат дүниенің біртұтас жүйе екендігі туралы ғылыми көзқарастың қалыптасуына мүмкіндік береді.

Оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыру, жеке пәндер арасындағы ортақ ұғымдарды, заңдылықтарды бір-бірімен өзара байланыста қарастыру, оқушылардың танымдық, ізденушілік, шығармашылық қабілетін қалыптастыру, алған білімдерін жинақтау, тәжірибеде қолдана білуге үйрету т.б. мәселелер дидактикалық тұрғыдан шешуді қажет етеді.

Білім беру қазіргі ғылымның, мәдениеттің, ғылыми-техникалық прогрестің дамуы деңгейіне сай болуы керек. Жалпы білімнің мазмұны ғылымдардың өзара байланысы, өндіріспен қоғамдық дамудың жаңару үдерісіне тікелей ықпал жасайды.

Халқымыздың ардақты ұлдары, өз елін прогресс жолымен алға қарай бастаған Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин сол дәуірде қазақ даласына мәдениеттің, білімнің қажеттігін дәріптеген[2].

Бүгінгі күнгі педагогикалық-психологиялық проблемаға айрықша мән берудегі Ғ.Ғ.Ақмамбетов, Ж.М.Әбділдин, М.Баймаханов, А.Н.Нысанбаев, Қ.Шүленбаев. т.б. ғалым, педагог-психологтар Б.Р.Айтмамбетова, Қ.Б.Жарықбаев, Қ.Қ.Жампейісова, Р.М.Қоянбаев, Л.К.Керимов, Б.Ы.Мұқанова, Ж.Ы.Намазбаева, Г.Қ.Нұрғалиева, Т.Сабыров, Г.И.Уманов, Э.И. Шыныбекова, С.Ұзақбаева, А.А.Бейсембаева т.б. еңбектерін атап өтуге болады.

Әлемдік ғылымда табиғатқа, қоғамға және адам ойының дамуына ғылыми көзқарас бірнеше ондаған ғылымдардың өзара байланысы шеңберінде білімдер жиынтығы негізінде қалыптасады. Ал шынайы ғылым жүйеден туындаған білім барлық өмірлік, қоғамдық құбылыстарды дұрыс танып білуге мүмкіндік беретін әртүрлі пәндердің қосындысынан құралады. Сондықтан, оқу жоспарындағы барлық пәндер осы білім жүйесін қалыптастыруға бағытталған жағдайда ғана оқыту үдерісі тиімді деңгейге көтеріле алады.

Осы орайда, проблеманың философиялық, психологиялық, педагогикалық аспектісін анықтау арқылы жалпы оқушылардың шығармашылық қабілетін қалыптастыру мәселесін зерттеу қазіргі дидактиканың маңызды бағыты болып саналады. Бастауыш мектепте оқытудың басты мақсаты—оқушының жеке тұлғасын қалыптастыру, оларды қоршаған ортаның әсемдігін өнер түрлері арқылы түсіне білуге тәрбиелеу. Айтылған бағытта бейнелеу өнері пәнін басқа пәндермен тығыз байланыста өткізу үшін бастауыш сынып мұғалімі пәнаралық байланысты жүзеге асыру мүмкіндігі мол.

Педагогика ғылымында қалыптасқан идеяларының өзіндік даму тарихында Батыс Еуропадағы педагогикалық идеялар мен тұжырымдардың бастауында педагогика ғылымының күрделі мәселелеріне жатқызды. Олар жас буынға, келешек ұрпаққа білім беруде табиғат құбылыстарының өзара байланысы жөніндегі көзқарастарын, дүниетанымын дұрыс қалыптастыру керек екендігіне баса назар аударған.

Дүниеге көзқарас дегеніміз —адамдардың, жеке адамдардың іс-әрекетіне терең әсер ететін әлем және оның даму заңдылықтары жөнінде, табиғат және қоғам құбылыстары мен барыстары жөнінде біртұтас тиянақты көзқарастар жүйесі.

Дүниенің өзі макро-микро, мега жүйелерді құрайтын бір-бірімен көп салалы байланысты болатын нысаналар мен құбылыстардың жиынтығы болса, дүниетанымның негізіне дүние туралы белгілі бір білімдердің жиынтығы кіреді. Дүниетаным әртүрлі білімдерді игеру барысында, санымен бірге күнделікті өмірдегі көзқарастардың нәтижесінде қалыптасады[4,5].

Балалардың дүниетанымының қалыптасуы қоршаған ортасын танудан басталатынын айта келе, соны танып білуде ақыл ой мен білім қажетін анықтап көрсетеді. Ұлттық рух, халықтық дәстүр, ата-баба тағылымы, ұрпақтар сабақтастығы мәселелерін қамтыған, мектеп жасындағы балалардың дүниетанымын қалыптастырудың нақты жолдарын көрсету,әсіресе ана тілі арқылы ұлттық өркендеу, дамудың маңыздылығын дүниетанымдық, мәдени-әлеуметтік тұрғыда түсіндіру кезінде туған ананың ақ сүтіне, туған халқының кәусарына, өз ұлтының өмір салтына қанбаған адамның қадірсіз болатындығын анық көрсетіп жазған. Бала дүниетанымын

қалыптастырудағы білім мен тәрбиенің орнын және маңызын сипаттап берді. Бала тұрмыспен көзбе-көз танысын, оның есінде, жанында көп білім болсын, жан-жануарлардың тұрмысын бақыласын, жаратылыстың тұрмысымен таныс болсын [3].

Қазіргі таңдағы білім беру ғылымының, мәдениетінің, ғылыми техникалық прогрестің даму деңгейіне сай болуы қажет. Білімнің мазмұны ғылымдардың өзара байланысы, өндіріс пен қоғамдық дамудың жаңару барысына тікелей ықпал жасайды.

Бастауыш мектеп оқушыларына шығармашылық білім беру мен тәрбие беру байланысының негізгі міндеттері:

-оқушылардың шығармашылық белсенділігін қалыптастыру жұмыстарын ұйымдастыру;

-бастауыш мектеп мұғалімінің жүргізетін педагогикалық әрекетін ғылыми негізде ұтымды ұйымдастыру;

-бейнелеу өнері сабағында ортақ жетекші ұғымдар мен қағидалар, шығармашылық әрекеттер, оқушылардың дұрыс, кең әрі қажетті дүниетанымдық білімдері мен көзқарасын дамыту.

Білім негізі бастауыш мектептен басталады. Бастауыш мектеп мұғалімі –ерекше тұлға. Өйткені, ол–балалар мен үлкендер әлемінің арасындағы сарапшы. Осыған сәйкес бастауыш мектеп оқушыларына білім және тәрбие беру, шығармашылық қабілетін қалыптастырудың аса маңызды құрылымының бірі– бейнелеу өнері сабағында оқушылардың шығармашылық қабілетін қалыптастыруға көп мән беру.

Бүгінгі күннің талабы білім мазмұнын жаңарту, өмір талабына орай дамыта оқыту, оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерін қолданып, заман ағымына сай болу мұғалімдерге жауапты істер жүктейді. Олай болса, оқушыларға көптеген оқу пәндеріне ортақ жетекші ұғымдар мен қағидалар, деректер, ғылыми таным әдістері арасында өзара байланыс орнықтырып, оқушыларда дұрыс, кең әрі қажетті дүниетанымдық білімдер мен көзқарастардың пайда болуына жәрдемдесетін жолды білуі керек.

Бастауыш сыныптарда оқыту барысында үнемі білім, білік және дағдының тұтас жүйесінің дұрыс қалыптасуына, оқушылардың әртүрлі пәндерден алған білімін орынды қолдана білуіне:

- оқу пәндері арасындағы өзара байланыстың дамуы;

- ғылыми дүниетанымның қалыптасуы, білім мазмұнының барлық құрамды бөліктерінің байланысы;

- жан-жақты тәрбие беру жүйесінің барлық салаларын кешенді жүзеге асыру ықпал етеді.

Мектептерде баланың табысты көркем-мәдениетті өмір әрекеті үшін жағдай жасау қажеттілігімен, жеке тұлғаның жан-жақты дамуына ықпал ету, өмірдің мәнін түсіну, рухани қалыптасуымен анықталады. Ерте кезден-ақ

әдептілікті қадірлей білген қазақ халқы отбасында жастарды кішіпейілділікке, ізеттілікке, имандылыққа, инабаттылыққа тәрбиелеуді мақсат етіп қойған. Әдептің қоғамдағы басты қызметі тұлғалық қатынастарды адамгершілік талаптарына сәйкес ретке келтірумен байланысты. Бұл сипатта әдеп мәдениеттің іргелі бір құрамдас бөлігіне жатады. Мәдениеттің қалыптасу барысында ізгі мінез-құлық белгілері әдептілік талаптарына айналып отырған. Әдеп ережелері өркениет пен мәдениеттен сұрыпталып алынған.

Балалардың бір-біріне инабаттылық танытулары, өзара ізеттілік көрсетулері, сыйлы-құрметті, қадірлі-қастерлі болулары, тіпті жан-жануарлар және өсімдік әлемімен нәзік байланыста болулары, оларға қамқорлық жасаулары, әлбетте, тәртіптілік пен әдептілікке негізделген. Сондай-ақ, әдеп сақтау туған халықты, елді, жерді, Отанды және жалпы адамзатты ардақтау болып табылады. Өйткені, бұл – ұрпақтық парыздың нақты көрінісі.

Бала жастайынан халықтық әдеп-ибамен сусындатылуы тиіс. Аталарымыз жас балаға «Әдепсіз болма!»- дей отырып, олардың тәрбиесін әдептілікке, мәдениеттілікке негіздеген. «Ата-бабаңның жолын қу», «Әкеңдей бол», т.б. тәрбиеге толы насихат сөздер баланың әдепті болып өсуін қалаудан ғана туындаған. Олай болса, «әдеп» сөзі көрегендік ұғымын да бере алады. Ал, мұндай тәрбиені мектепте оқушы бойына дарытушы–ұстаздар мен сынып жетекшілері. Себебі, ұстаздар қауымының басты мақсаты– оқушыларды адамгершілікке бай, әдепті, көркем-мәдениетті етіп шығару.

Бала бойында турашылдық мінезді, ізеттілік талаптарының бұзылуына қарсы күресетін күш-қайратты қалыптастырумен қатар оның рухани болмысында көркемдік сезімін, адамдарға қайырымдылық, мейірбандық, шапағат көрсету, қанағатшылдық, өзін басқаның орнына қоя білу мәрттігін, адамдарды жақсы көріп қана қоймай, оларға қызмет көрсету тілегін, қайырлы іс істеу, жамандыққа қарсы ұмтылу қасиетін, құлшынысын, кішіпейілділік, кешірімділік, пәктік сезімін, өзінің ғана емес, басқалардың да тілектерін құрметтеу ізеттілігін, ұқыптылық, тазалық тәртібін шыңдайды. Ұлы Абай «Жүректен қозғайын, әдептен озбайын», дегеніндей, әдептен озбау – үлкен қасиет. Ол адамдардың білімділігі мен көркем-ой мәдениеттілігін көрсетеді.

Баланың әдептілігі мен көркем-ой мәдениет деңгейі оның сөйлескен сөзінен, істеген ісінен, мінез-құлқынан, әртүрлі жағдайда өзін ұстай білуінен және адамдармен қарым-қатынастарынан, жалпы барлық жүріс-тұрыстарынан көрініп тұрады. Халық әдепті адамды «мәдениетті екен» деп санайды. Мәдениеттілік қарапайым сөйлесіп отырған адамды тыңдау, сөзін бөлмеу, ата-аналар, мұғалімдер сияқты үлкенге және бөгде адамдарға тұрпайы және қатты қарсылық жасамаудан көрінеді. Адамға деген қарым-қатынас, көзқарасты айта отырып, өзін-өзі билей білу, өзінің көңіл күйін

басқару, ұстамды болу сияқты мәселені ескермей кетуге болмайды.

Әдептің ең жоғарғы сатысы–қарапайымдылық пен табиғилық. Қарапайымдылық, бұл, ең алдымен, өзіне талап қоюшылық, өзінің мінезіне, ісіне, біліміне сын көзімен қарай білу, өзін артық санамаушылық. Мұғалім жұмысының жүйесінде көркем-ой мәдениет ережелермен байланысты этикалық нормаларды балаларға түсіндіру белгілі орын алады. Түсіндіру формасы түрліше: көркем мәтіндер, мақал-мәтелдерді, өмірлік жағдайларды кірістірген түрлі әдістемелерді пайдаланған этикалық әңгімелер, лекция, пікірталас, конференциялар ұйымдастыру.

Оның мүмкін болатын себебі, енді адаммен араласудың бірқатар тәжірибесін жинақтаған, олар нақтылы жағдайдағы (мектептегі, үйдегі, көшедегі, қоғамдағы орындарда, т.б.) мінез-құлық ережелерін біледі, өз тәртібін талдап, оны өзге адамдардың мінез-құлықтарымен салыстырады, өз бетінше шешімге келіп, жалпы қорытынды жасай алады.

Оқушылардың көркемдік талғамын қалыптастыру көбінесе жұмыс істеудің формалары мен әдістерін дұрыс таңдауға байланысты. Басты әдістер: мектеп оқушыларын көркем-ой мәдениет ережелерін орындауға үйретуге және оларға соған сәйкес мораль нормаларын түсіндіру болып қала береді. Бұл екі әдіс өзара байланысты. Іс жүзінде балаларды ережелерді орындауға үйрету (жеткіншектердің өмірін ұйымдастыру, арнаулы жаттығулар, т.б.) үнемі болып тұрады, қажет болғанда, ол түсіндірудің түрлі формаларымен қатар жүргізіледі. Бұдан басқа сынып жетекшісі оқушыларды көркемдік білімдер жүйесімен қаруландырады. Бұл білімдерді жинақтаудың бірден-бір көзі жеткіншектердің жеке тәжірибесі болып табылады.

Мұғалім баланың мінез-құлық себептерін, әдептілік, ілтипаттық, кешірімділік сияқты неғұрлым нәзік қасиеттерін жетілдіру қажет. Бала бойындағы дөрекілікті турашылдықтан, сыпайылықты ілтипатты жарамсақтықтан ажырата білуі тиіс.

Оқушылардың көркемдік қабілетін қалыптастыруда Қазақтың көркем шығармаларының мәні ерекше. Олар: Асан Қайғы, Қазтуған, Доспанбет, Шалкиіз, Ақтамберді, Бұқар жырау, Шал, т.б. ақын-жыраулардың эстетикалық ізденістері көшпелілердің дүниені қабылдауын білдірді. Оған айрықша кісілік асқақтық тән. Бұқар жыраудың «Аспанда жұлдыз аралап, ай нұрын ұстап мінсе де – қызыққа тоймас адамзат...» деген толғауы ғаламның шексіз шалқарымен адамның үйлесімді түрде шектесу жағдайын байқатады. Ақын-жыраулар шығарманың көркем мазмұнымен ғана емес, сонымен бірге дәстүрлі қазақ қоғамындағы қуатты әлеуметтік-мәдени орнымен және қызметімен айқындалады. Сондықтан оларға халық жаппай ілтипат білдірген. Ақын-жыраулар толғауларында бүкіл қазақ халқының көркемойы мен талғам-түсініктері шынайы бейнеленген.

Ш. Уәлихановтың қоғамдық-саяси және философиялық көзқарастары

қазақ халқы мен Орта Азия халықтарының тұрмыс тіршілігіне, ұлттық әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне баса көңіл бөледі. Сөйтіп, ол өз халқының ауыз әдебиеті, әсемдік танымы арқылы сол халықтың көркем талғамын ашуға ұмтылады. Ол қазақ халқының өткен өмірі мен болашағы жайлы ой-арманын, тілегін көрсетуге, ұмытылып бара жатқан салт-дәстүрлерге көңіл аудару, оны халық тәрбиесінің құралы, әдіс-тәсілі ретінде пайдаланғанын және оны болашақ ұрпақтар тәрбиесіне де көркем-ой мәдениеттілігін қажет екенін ескерген[4].

Ұлы ағартушы Ы.Алтынсариннің ұлттық қолөнер бұйымдарын жасауға ұмтылдырып, сол арқылы жас жеткіншектерді көркем ойлау қабілетін көтергені белгілі. Ол қазақтың қолөнерін өте жоғары бағалаған және сол өнерге баулу мақсатымен бірнеше қолөнер мектебін ашты. Бұларда ағаш ұсталығы және киім тігу жұмыстары жақсы жолға қойылса, Красноуфимскідегі реальное училищесі мен ауылшаруашылық мектептерінде тері илеу, қыш құмыра жасау өнері меңгерілді. Ал Торғайдағы қазақ қыздары үшін ашылған мектепте ұлттық киімдер, кесте тігу, киім пішу, шәлі тоқу, жіп шалу және қазақ қолында көп болатын жүн, қыл сияқты жұмыстармен үйретілді. Яғни, Ыбырай халықтың қолөнеріндегі әдемілікті, әсемдікті өзі ғана түсініп, қызықтаумен шектелмей, сол кездің өзінде-ақ өнерге балаларды да ынталандыруға атсалысқан. Оның да ұмыт болып бара жатқан әдет-ғұрыптарды тезірек меңгеріп, оның құнды пайдалы деген жақтарын қабылдатып, өмір қажетінен шығара білуге шақыруы қазіргі заман талабымен ұштасып жатыр. Ы.Алтынсарин ұлтымыздың жас ұрпақтарының білімді, өнерлі, шебер болуын аңсаған, сөйтіп, осы ұлы мақсатты қазақ жерінде алғаш жүзеге асыру үшін көп еңбек еткен педагог-ғалым болды. Сонымен қатар, оның «Жаз», «Өзен», т.б. өлеңдерінде табиғаттың сұлулығы, көкорай шалғынды көркі, күмістей сыңғырлаған суы, көкжиектің мұнарланған сағымы шебер тілмен, көркемдікпен суреттеледі. Ы.Алтынсариннің шығармалары жастарды әсемдік пен ғажайып табиғатты сүю мен көркемдікқабілетін қалыптастыруға тәрбиелейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жарықбаев К., Қалиев К.С. Қазақ тәлім тәрбиесі. – Алматы: Санат, 1995
2. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1980
3. Жәнібеков Ө. Уақыт керуені. – Алматы: Жазушы, 1992
4. Бердібаев Р. Сарқылмас қазына. – Алматы: Мектеп, 1983

КЕМЕШЕВ Д.А., КАЛЫКОВ А.Ш., АҚЫЛБАЕВ Б.М. ХУДОЖЕСТВЕННОЕ ВОСПИТАНИЕ ШКОЛЬНИКОВ НА УРОКАХ ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОГО ИСКУССТВА

В статье рассматривается художественное воспитание школьников на занятиях изобразительного искусства.

Ключевые слова: скромность, благовоспитанность, духовная этика, нравственность, цивилизации, культура.

KEMESHEV D. A., KALYKOV A. SH. AKYLBAEV B. M. SCHOOL STUDENTS ART EDUCATION AT LESSONS OF THE FINE ARTS

In this article is considered the features of the introduction subjects in aesthetic education of primary school

Keywords: *and modesty, good manners, ethics spiritual, moral civilization, cultures.*

ӘОЖ 54.371.671

ХИМИЯДАН ФАКУЛЬТАТИВТІК САБАҚТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

ҚОЗЫКЕЕВА Р.А., БАЙМАХАНОВА Г.М., ЕСІРКЕП А.Б.

Мақалада химиядан факультативтік сабақты ұйымдастырудың негізгі мақсаты: оқушылардың пәнді меңгеруге деген белсенділігін, қызығушылықтарын арттыру жолдары қарастырылған.

Химиядан факультативтік сабақты ұйымдастыруда әр түрлі әдістер мен тәсілдер қолданылады: дәріс беру, әңгімелесу, семинарлар, әр түрлі жаттығулар жүргізеді және зертханалық тәжірибелер жасайды.

Кілт сөздер: сабақ, қосымша сабақ, факультативтік сабақ, консультация, таным, жорық, үйірме, дәріс, семинар, зертханалық тәжірибелер.

Мектеп жүйесінде факультативтік сабақты ұйымдастыру, оқыту үрдісінің әдістемесін зерттей түсуге көп мүмкіндіктер туғызады. Мұндағы химиялық және биологиялық пәндерді оқыту негізінде оқу-тәрбие үрдісін зерттеуге көңіл бөлу кездейсоқ пайда болған жоқ. Ондай дәстүрлі әдістермен қатар жоғары оқу орындарында пайдаланылатын әдістерді, сыныптан тыс жұмыстардың әдістерін де бірлікте қарастыруға болады. Химиядан факультативтік сабақты ұйымдастырудың негізгі мақсаты: оқушылардың пәнді меңгеруге деген белсенділігін, қызығушылықтарын арттыруға негізделген.

Қазіргі кезде мұғалімнің басшылығымен белгілі күн тәртібі немесе уақыт пен шектелген оқу-тәрбие үрдісінің әр түрлі формалары қолданылатыны белгілі. Осылардың ішінде сабақ оқытудың негізгі формасы деп есептеледі де, қосымша сабақ, кеңес беру, таным жорық оқытудың қосымша формасына жатады. Оқу пәніне қызығып, оны сүйетін, білімін тереңдеткісі келетін оқушылар үшін, кәдімгі сабақтан өзіндік ерекшелігі бар сыныптан тыс факультативтік сабақтар ұйымдастырылады.

Кәдімгі сабақ жыл сайынғы құрамы тұрақты сынып ұжымымен жекелей не толық оқушылармен 45 минут уақыт ішінде жүргізілетін оқу іс-әректіне басшылық жасауға негізделсе, ал факультативтік сабақтар білім дәрежесі әр түрлі сыныптардан құралған оқушылармен жүргізілуі мүмкін (олар кейде әр түрлі мектептерден құралуы да мүмкін). Екінші жағынан кәдімгі сабақтың ұзақтығы 45 минут болса, факультативтік сабақтар кейде екі академиялық сағатқа созылуы (арасында үзіліс бар 90 минут қосарланған сабақ болуы) мүмкін.

Кәдімгі сабақты тұрақты мұғалім жүргізсе, факультативтік сабақты мектеп мұғалімімен қатар, сырттан шақырылған мамандар да жүргізеді. Жалпы білім беретін орта мектептердегі *сабақ* сыныптық жүйе бойынша өтілсе, факультативтік сабақ жоғары оқу орындарына тән дәріс, семинарлық жүйелерде пайдаланылады, практикумдар мен сынақтарда өтіледі. Кейбір жағынан алып қарағанда факультативтік сабақтар кәдімгі сабаққа ұқсас жақтары да бар, бірақ оқушылардың танымдық, өз бетінше іс-әрекетіне көбірек назар аударылады [1].

Факультативтік сабақтар оқытудың басқа формаларымен де толықтырылады: оқу таным жорығы, үйде орындайтын сарамандық тәжірибелер, конференциялар, пікір сайыс сабақтары, өндіріс мамандары мен ғалымдарымен өткізілетін кездесулер. Оқытудың кейбір формалары сыныптан тыс жұмыстарға да ұқсас. Сабақтардың кейбір түрлері оқытылатын курстың мазмұнына сәйкес өтілетін материалдардың құрылысына қарай әр түрлі дидактикалық мақсаттар көздейді. Химиядан өтілетін факультативтік сабақтардың төрт типі белгілі:

- Аралас типті сабақтар;
- Дәріс сабақтары;
- Сарамандық (зертханалық) сабақтар ;
- Бақылау, есепке алу сабақтары (семиар, сынақтар, бақылау жұмысы).

Аралас типті сабақтар жиірек қолданылады. Кейде сабақ ертеректе өтілген материалдарды әңгіме түрінде қайталап, алған білімдерін қаншалықты есте сақтағандарын, кейбір түйінді мәселелерді қалай тұжырымдай алатынын білу мақсатында өтіледі. Сабақтың келесі бөлімінде мұғалім жаңа материалды түсіндіреді. Жаңа материалды түсіндіруде әр түрлі тәжірибелерді көрсетіп, көрнекіліктер мен қосымша түсіндірме материалдарды пайдаланады. Сондай-ақ, сабақта зертханалық тәжірибелер, жаттығуларды орындау, есептер шығару, анықтама әдебиеттермен жұмыс істеу т.б. өзіндік жұмыстарды орындауы да мүмкін.

Аралас типті сабақта кейде оқушылардың баяндамасы, хабарлама тыңдалады, кинофильмдер көрсетіліп, көрсетілімді тәжірибелер орындалады, шақырылған мамандар баяндама жасайды, дыбыс жазбаларын тыңдауы да мүмкін, т.б.

Оқыту үрдісі оқыту әдісі мен әдістемелік тәсілдер арқылы жүзеге асады.

Химияны оқыту әдістері жалпы және жеке әдістер түріне бөлінеді. Жалпы әдістер мұғалімге оқушылардың белгілі бір танымдық іс-әрекетін ұйымдастыруға бағыт береді. Дидактикалық мақсатқа және оқу материалының мазмұнына сәйкес түсіндірмелі-көрнекі бейнелеу, жартылай ізденушілік немесе жалпы зерттеу әдістерін қолданады.

Химиядан жүргізілетін факультативтік сабақтарда қолданылатын оқыту әдістері де сан алуан, олар осы пәннің оқыту әдісіндегі арнайы ерекшеліктерге сәйкес іріктеп алынады. Факультативтік сабақтарда қолданылатын арнайы әдіс жоқ, онда да дәстүрлі әдістер кең түрде қолданылады: әңгіме, тәжірибелер көрсетілімі, оқулықпен, оқу құралдарымен өзінше жұмыс, сарамандық (зертханалық) сабақтар, кейде жоғары оқу орындарында кеңірек пайдаланылатын дәріс, семинар, практикум, сынақ тәсілдері т.б. [2-3].

Факультативтік сабақтардың кәдімгі сабақтарға ұқсас, ұқсас емес жақтары да бар. Оқыту әдістерін түрлендіріп, өзгертіп отыру көзделеді.

Оқыту үрдісінің үш бөлігі бірлікте қарастырылады:

- Білімді мұғалім үйретеді, оны оқушылар меңгереді (оқыту мен оқу).
- Білімді жетілдіру және іскерлікті қолдана білу (оқушылардың өзіндік іс-әрекеттері).
- Білімді және іскерлікті тексеру (бақылау).

Қолданылуына қарай оқытудың осы бөлігіне сәйкес әдістер үш топқа біріктіріледі:

1. Жаңа материалды меңгеруге сәйкес әдістер.
2. Оқушылардың білімдерін, іскерліктерін, дағдыларын жетілдіру әдістері.
3. Білімді, іскерлікті, дағдыны тексеру әдістері химиядан өтілетін факультативтік сабақтар кезінде оқытудың үш тобына сәйкес үш әдіс түрленіп отырады.

Жаңа материалды, оқып-үйрену әдістерінің түрлері сөздік әдістер: дәріс, түсіндіру, әңгімелесу, мамандардың түсініктемелеріне оқушылардың баяндамасы, танымжорық, әңгімелер, бағдарланған мәтінмен жұмыс, үйрету машиналарына сүйенген диалог: сөздік – көрнекілік әдістер тәжірибелер көрсетілімі, жинақтамаларды, макеттерді, модельдерді, кестелерді, экрандық көрнекіліктерді, танымжорық түсіндірмелерімен айту.

Сөздік – көрнекілік – сарамандық әдістерге сарамандық сабақтар, сынақ тәжірибелік есептер шығару, зерттеу сипатындағы жұмыстар т.б. жатады.

Білімді және іскерлікті, дағдыны жетілдіру әдістері – оның сөздік әдістер – дәптерге жазу, жаттығулар, сан есептерін шығару, анықтама және

қосымша әдебиеттермен жұмыс, бағдарланған мәтін бойынша жұмыс, есептер құрастыру, рефераттар жазу, ғалымдар туралы хабарламалар әзірлеу, өндірістік технологиялық сипаттамалар, бағдарламаланған мәтін бойынша жұмыс.

Сөздік – көрнекілік әдістер – зертханалық тәжірибе, көрсетілімдік тәжірибелерді түсіндіру, танымжорық кезіндегі химиялық үрдістерді байқау оны түсіндіру, технологиялық сызбанұсқа бойынша жұмыс, үлестіріліп берілетін материалдармен жұмыс.

Сөздік – көрнекілік – сарамандық әдістер – зертханалық практикум, модельдеу, көрнекіліктер әзірлеу.

Білім мен іскерлікті есепке алу және бақылау әдістері – оның сөздік әдістері – фронтальды тексеру, әңгіме, ауызша, жекелеп сұрау, перфокарталарды пайдаланып, тақырып бойынша сұрау, жазбаша тексеру және бақылау жұмыстары, семинарлар, конференциялар, әдебиеттерге шолу, сынақтар, бақылаушы құралдар бойынша білімді тексеру. Сөздік – көрнекілік әдістер: сынақ-тәжірибелік есептерді шығару, білімді графикалық тексеру. Сөздік – көрнекілік – сарамандық әдістер – сынақ-тәжірибелік есептерді шығару, модельдеу, құрастырған аспаптармен көрсету, қорытынды жиынтығы әр түрлі шығармашылық жұмыстарды хабарлау.

Жалпы факультативтік сабақтарда оқушылардың білімін тереңдетуге, өз бетінше ізденуге, кәсіптік бейімделуге т.б. қызығушылықтары артатыны тәжірибе жүзінде көрсетіп отыр. Оқушылардың факультативтік сабақтарда алған білімдерінің сапасы жайлы олардың емтихандағы жауаптарына қарапта пікір айтуға болады. Факультативтік сабақтарға қатысқан оқушылардың жауаптары басқалардың жауаптарына қарағанда аса толықтығымен көзге түсіп жатады [4].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мырзабайұлы А. Химияны оқыту әдістемесінің педагогикалық негіздері. Алматы: Білім баспасы, 2004ж.
2. НұғыманұлыИ., ШоқыбаевЖ.Ә., ӨнербаеваЗ.О. Химияны оқыту әдістемесі. Алматы: «Print-S» баспаханасы, 2005ж.
3. Химия мектепте журналы 2006-2009 жылдар.
4. Мырзабаев А., Тұрбекова Н. Химиядан кластан тыс жұмыстар және танымдық ойындар. – Алматы, 1993.

КОЗЫКЕЕВА Р.А., БАЙМАХАНОВА Г.М.ЕСИРКЕП А.Б. ФОРМЫ И МЕТОДЫ ОРГАНИЗАЦИИ ФАКУЛЬТАТИВНЫХ ЗАНЯТИИ ПО ХИМИИ

В статье рассмотрена основная цель организации факультативных занятий по химии: активность учеников на усвоение дисциплины, развития интересов к дисциплине.

При организации факультативных занятия по химии используются разные виды методов как: чтение лекции, беседа, семинары, выводы, проводить разные упражнения и делать лабораторные эксперименты.

Ключевые слова: *занятие, дополнительное занятие, факультативное занятие, консультация, понимание, подход, кружок, семинар, лабораторные эксперименты.*

KOZYKEYEVA R.A., BAYMAKHANOVA G.M.ESIRKEP A.B. THE FORMS AND METHODS OF ORGANIZING FACULTATIVE LESSONS ON CHEMISTRY

The article describes the main objective of organizing facultative lessons on chemistry activity of students on mastering disciplines of interest to the discipline.

In organizing the facultative lessons on chemistry used various kinds of methods such as: lectures, discussions and seminars, the conclusions carry out different exercises and makes laboratory experiments.

Keywords: *employment, additional lessons, facultative lessons, consultation, understanding approach circle workshop Other laboratory experiments.*

БІЗДІҢ АВТОРЛАР

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ

Арыстанова Ш.С. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Музыкалық білім» кафедрасының аға оқытушысы.

Кадирбаева Р.И. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Информатика» кафедрасының доценті, п.ғ.д.;

Джаманкараева М.А. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Физика-математика» кафедрасының аға оқытушысы, ф.-м.ғ.к.;

Смаилова М.С. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Музыкалық білім» кафедрасының магистр-аға оқытушысы;

Абдукадиров Б.З. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Физика-математика» кафедрасының магистр-оқытушысы.

Қойшиев Қ.Е. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Психология» кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к.;

Алдияров А. Д. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Арнайы педагогика» кафедрасының аға оқытушысы, т.ғ.к.;

Айдарбеков К. Ж. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Арнайы педагогика» кафедрасының магистр-аға оқытушысы.

Қамытбекова Ұ.Ж. – Оңтүстік Қазақстан облысының білім, жастар саясаты және тілдерді дамыту басқармасының «Экологиялық орталық» МКҚК Директоры

Халикова Г.С. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Биология» кафедрасының доценті м.а., а.ш.ғ.к.;

Адилбекова А.Н. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Биология» кафедрасының магистр-оқытушысы.

Каракулов К.Ж. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Арнайы педагогика» кафедрасының профессоры, п.ғ.д.;

Шыныбекова М.Ә. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының студенті.

Пошаев Д.Қ. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасының профессор м.а., п.ғ.к.;

Мұсақұлов Қ. Т. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ЖӘНЕ МАТЕМАТИКА

Жаппарбергенова Э.Б. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Биология» кафедрасының доценті, б.ғ.к.;

Алпамысова А.Б. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты, «Биология» кафедрасының магистр-оқытушысы;

Өтегенова П.Р. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының студенті.

Жұмабаев М.Ж. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Физика-математика» кафедрасының профессоры, ф-м.ғ.д.

Мәдібекова Ғ.М. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Химия» кафедрасының меңгерушісі, х.ғ.к., доценті;

Муталиева Б.Ж. – М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің доцент м.а., х.ғ.к.

СатыбалдыҰ.Н. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының студенті.

Халила Ә.Н. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Биология» кафедрасының профессоры, б.ғ.д.;

Бердібекова А.Т. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Биология» кафедрасының магистр-оқытушысы;

Адилбекова А.Н. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Биология» кафедрасының магистр-оқытушысы.

ТАРИХ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ПӘНДЕР. ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКА

Айттай Б.С. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Қазақстан және әлем тарихы» кафедрасының аға оқытушысы, тарих ғ.к.;

Байшуақова А.Д. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Қазақстан және әлем тарихы» кафедрасының аға оқытушысы.

Айтимбаев А.Т. – М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің аға оқытушысы;

Айтимбаев М.Т. – М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің аға оқытушысы.

Арынгазиева Б.Б. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Қоғамдық пәндер» кафедрасының меңгерушісі, филос.ғ.к., доцент.

Кулсариева А.Т. – Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, философия.ғ.д.

Қожабекова З.Е. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «География» кафедрасының аға оқытушысы, г.ғ.к.

ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ

Абдыханов У.Қ. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Қазақ және әлем әдебиеті» кафедрасының доценті, ф.ғ.к.

Абрамова Г.И. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Ағылшын тілі» кафедрасының доценті, ф.ғ.к.;

Сманова Ф.І. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Ағылшын тіл» кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к.;

Абдуалиев Т.М. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Ағылшын тіл» кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к.

Ермекова Т.Н. – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті «Қазақ тіл білімі» кафедрасының профессоры, ф.ғ.д.

Калжанова А.К. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Бастауышта оқыту әдістемесі» кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к.;

Кистаубаев Н.К. – «Арман» гимназиясының орыс тілі және әдебиеті оқытушысы.

Қарақұлова А.М. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Шетел тілдері» кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к.

Құрбанов А.Г. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Тіл білімі» кафедрасының доценті, ф.ғ.к.

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ. МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ

Жақсыбекова С.С. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Музыкалық білім» кафедрасының аға оқытушысы.

Тұрысқұлов Ө. Ж. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Дене тәрбиесі мен бастапқы әскери дайындық» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., доцент.

Нуралимова Қ. А. – №24 мектеп-лицейінің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі, Шымкент қ.

ЖАС ҒАЛЫМДАР ІЗДЕНІСІ

Идиятуллаева Ж.Д. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының студенті;

Сартаева Х.М. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Биология» кафедрасының доценті, б.ғ.к.

Қарсыбай О. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының студенті;

Алтынбеков Ш.А. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Физика-математика» кафедрасының доценті, ф-м.ғ.к.

Мұса Ж.Е.– Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының студенті;

Алтынбеков Ш.А. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Физика-математика» кафедрасының доценті, ф-м.ғ.к.

**ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕПТЕРДЕГІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ
ТӘРБИЕ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ**

Абдраимова Ж. Е.–Халықаралық гуманитарлық-техникалық университетінің «Информатика және математика» кафедрасының магистр-оқытушысы;

Нурмаханбетова Г.К.– Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Информатика» кафедрасының доценті, п.ғ.к.

Кемешев Д.А. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасының профессоры, п.ғ.д.;

Калыков А.Ш. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасының магистр-аға оқытушысы;

Ақылбаев Б.М. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасының магистр-оқытушысы.

Қозыкеева Р.А.– Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Химия» кафедрасының доценті, т.ғ.к.;

Баймаханова Г.М.– Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Химия» кафедрасының доценті, х.ғ.к.;

Есіркеп А.Б.– Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының студенті

НАШИ АВТОРЫ

ПЕДАГОГИКА И ПСИХОЛОГИЯ

Арыстанова Ш.С. – Старший преподаватель кафедры «Музыкальное образование» Южно-Казахстанского государственного педагогического института.

Кадырбаева Р.И. – доцент кафедры «Информатика» Южно-Казахстанского государственного педагогического института, д.п.н.;

Джаманкараева М.А. – старший преподаватель кафедры «Физика-математика» Южно-Казахстанского государственного педагогического института, к.ф.-м.н.;

Смаилова М.С. – старший преподаватель-магистр кафедры «Музыкальное обучение» Южно-Казахстанского государственного педагогического института;

Абдукадиров Б.З. – магистр-преподаватель кафедры «Физика-математика» Южно-Казахстанского государственного педагогического института.

Койшиев К.Е. – старший преподаватель кафедры «Специальная педагогика» Южно-Казахстанского государственного педагогического института, к.п.н.;

Алдиярова Д. – старший преподаватель кафедры «Специальная педагогика» Южно-Казахстанского государственного педагогического института, к.и.н.;

Айдарбеков К. Ж. – старший преподаватель-магистр кафедры «Специальная педагогика» Южно-Казахстанского государственного педагогического института.

Камытбекова У.Ж. – директор государственного коммунального казенного предприятия «Экологический центр» при Управлении образования, молодежной политики и развития языков Южно-Казахстанской области;

Халикова Г.С. – и.о. доцента кафедры «Биология» Южно-Казахстанского государственного педагогического института, к.с\х.н.;

Адилбекова А.Н. – магистр-преподаватель кафедры «Биология» Южно-Казахстанского государственного педагогического института.

Каракулов К.Ж. – профессор кафедры «Специальная педагогика» Южно-Казахстанского государственного педагогического института, д.п.н.;

Шыныбекова М.А. – студент Южно-Казахстанского государственного педагогического института.

Пошаев Д.К. – и.о. профессора кафедры «Профессиональное обучение и изобразительное искусство» Южно-Казахстанского государственного педагогического института, к.п.н.;

Мұсақұлов Қ.Т. – старший преподаватель кафедры «Профессиональное обучение и изобразительное искусство» Южно-Казахстанского государственного педагогического института, к.п.н.

ЕСТЕСТВОНАУЧНЫЕ ДИСЦИПЛИНЫ И МАТЕМАТИКА

Жаппарбергенова Э.Б. – доцент кафедры «Биология» Южно-Казахстанского государственного педагогического института, к.б.н.;

Алпамысова А.Б. – магистр-преподаватель кафедры «Биология» Южно-Казахстанского государственного педагогического института;

Утегенова П.Р. – студент Южно-Казахстанского государственного педагогического института.

Жумабаев М.Ж. – декан факультета «Физика и математика» Южно-Казахстанского государственного педагогического института, д.ф.-м.н., профессор.

Мадыебекова Г.М. – заведующая кафедрой «Химия» Южно-Казахстанского государственного педагогического института, к.х.н., доцент.;

Муталиева Б.Ж. – и.о. доцент Южно-Казахстанского государственного университета им. М.О.Ауезова, к.х.н.;

Сатыбалды У.Н. – студент Южно-Казахстанского государственного педагогического института;

Халила А.Н. – профессор кафедры «Биология» Южно-Казахстанского государственного педагогического института, д.б.н.;

Бердибекова А.Т. – магистр-преподаватель кафедры «Биология» Южно-Казахстанского государственного педагогического института;

Адилбекова А.Н. – магистр-преподаватель кафедры «Биология» Южно-Казахстанского государственного педагогического института;

ИСТОРИЯ И ОБЩЕСТВЕННЫЕ ДИСЦИПЛИНЫ. ПРАВО И ЭКОНОМИКА

Айттай Б.С. – старший преподаватель кафедры «История Казахстана и мировой истории» Южно-Казахстанского государственного педагогического института, к.и.н.;

Байшуакова А.Д. – старший преподаватель кафедры «История Казахстана и мировой истории» Южно-Казахстанского государственного педагогического института.

Айтимбаев А.Т. – старший преподаватель Южно-Казахстанского государственного университета им. М.О.Ауезова;

Айтимбаев М.Т. – старший преподаватель Южно-Казахстанского государственного университета им. М.О.Ауезова.

Арынгазиева Б.Б. – заведующая кафедрой «Общественные дисциплины» Южно-Казахстанского государственного педагогического института, к.филол.н., доцент.

Кулсариева А.Т. – профессор Казахского национального педагогического университета им. Абая, доктор философских наук.

Кожобекова З.Е. – старший преподаватель кафедры «География» Южно-Казахстанского государственного педагогического института, к.г.н.

ЯЗЫКОЗНАНИЕ И ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

Абдыханов У.К. – старший преподаватель кафедры «Казахская и мировая литература» Южно-Казахстанского государственного педагогического института, к.ф.н.

Абрамова Г.И. – доцент кафедры «Английский язык» Южно-Казахстанского государственного педагогического института, к.ф.н.;

Сманова Г.И. – заведующая кафедрой «Английский язык» Южно-Казахстанского государственного педагогического института, к.п.н.;

Абдуалиев Т.М. – старший преподаватель кафедры «Английский язык» Южно-Казахстанского государственного педагогического института, к.ф.н.

Ермекова Т.Н. – профессор кафедры «Казахский язык» Казахского государственного женского педагогического университета, д.ф.н.

Калжанова А.К. – старший преподаватель кафедры «Методика начального обучения» Южно-Казахстанского государственного педагогического института, к.ф.н.;

Кистаубаев Н. К. – учитель русского языка и литературы гимназии «Арман», г. Шымкент.

Каракулова А.М. – заведующая кафедрой «Иностранные языки» Южно-Казахстанского государственного педагогического института, к.ф.н.

Курбанов А.Г. – доцент кафедры «Языкознание» Южное Казахского государственного педагогического института, к.ф.н.

ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОЕ ИСКУССТВО. КУЛЬТУРА И СПОРТ

Жаксыбекова С.С. – Старший преподаватель кафедры «Музыкальное образование» Южное Казахского государственного педагогического института.

Турыскулов О. Ж. – заведующий кафедрой «Начальная военная подготовка и физкультура» Южно-Казахстанского государственного педагогического института, к.п.н., доцент.

Нуралимова К. А. – учитель физкультуры школа-лицей №24 г. Шымкент.

ПОИСКИ МОЛОДЫХ УЧЁНЫХ

Идиятуллаева Ж.Д. – студент Южно-Казахстанского государственного педагогического института;

Сартаева Х.М. – доцент кафедры «Биология» Южно-Казахстанского государственного педагогического института, к.б.н.

Карсыбай О. – студент Южно-Казахстанского государственного педагогического института;

Алтынбеков Ш.А. – доцент кафедры «Физика и математика» Южно-Казахстанского государственного педагогического института, к.ф.-м.н.

Муса Ж.Е. – студент Южно-Казахстанского государственного педагогического института;

Алтынбеков Ш.А. – доцент кафедры «Физика и математика» Южно-Казахстанского государственного педагогического института, к.ф.-м.н.

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ И ПРОБЛЕМЫ ВОСПИТАНИЯ В ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ СРЕДНИХ ШКОЛАХ

Абдраимова Ж. Е. – магистр-преподаватель кафедры «Информатика и математика» Международного гуманитарно-технического университета;

Нурмаханбетова Г.К. – доцент кафедры «Информатика» Южно-Казахстанского государственного педагогического института, п.ғ.к.

Кемешев Д.А. – профессор кафедры «Профессиональное обучение и изобразительное искусство» Южно-Казахстанского государственного педагогического института, д.п.н.;

Калыков А.Ш. – старший преподаватель-магистр кафедры «Профессиональное обучение и изобразительное искусство» Южно-Казахстанского государственного педагогического института;

Акылбаев Б.М. – магистр-преподаватель кафедры «Профессиональное обучение и изобразительное искусство» Южно-Казахстанского государственного педагогического института.

Козыкеева Р.А. – доцент кафедры «Химия» Южно-Казахстанского государственного педагогического института, к.т.н.;

Баймаханова Г.М. – доцент кафедры «Химия» Южно-Казахстанского государственного педагогического института, к.х.н.;

Есиркеп А.Б. – студент, Южно-Казахстанского государственного педагогического института.

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ – CONTENTS

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ

<i>Арыстанова Ш.С.</i> Болашақ мұғалімдердің кәсіби құзырлығын қалыптастыру.....	4
<i>Кадирбаева Р.И., Джаманқараева М.А., Смаилова М.С., Абдукадиров Б.З.</i> О некоторых тенденциях развития современного образования в Испании.....	11
<i>Койшиев К.Е., Алдияров А.Д., Айдарбеков К.Ж.</i> Психологические теории адаптивности личности школьника.....	18
<i>Қамытбекова Ұ.Ж., Халикова Г.С., Адилбекова А.Н.</i> Студенттердің құзыреттілігін бағалау түрлері.....	25
<i>Қаракулов К.Ж., Шыныбекова М. А.</i> Проблемы управления процессом воспитания.....	34
<i>Пошаев Д.Қ., Мұсақұлов Қ.Т.</i> Оқытушылардың интеллектуальдық әлеуетін жетілдіру мәселелері.....	39

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ЖӘНЕ МАТЕМАТИКА

<i>Жаппарбергенова Э.Б., Алпамысова А.Б., Өтегенова П.</i> Рептилия изолятының микробиологиялық құрамын зерттеу.....	46
<i>Жумабаев М.Ж.</i> О термоупругой задаче.....	49
<i>Мадыбекова Г.М., Муталиева Б.Ж., Сатыбалды У.</i> Коллоидно-химические основы применения полимерных композиционных материалов ...	57
<i>Халила Ә.Н., Бердібекова А.Т., Адилбекова А.Н.</i> Қан сарысуындағы бөгелек антигендерін иммунологиялық әдістермен анықтау.....	64

ТАРИХ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ПӘНДЕР. ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКА

<i>Айтай Б.С., Байшуақова А.Д.</i> Өлкетану пәнінде интербелсенді әдістерді қолдана отырып «туған ауыл тарихы» атты семинар сабағын жүргізу.....	70
<i>Айтимбаев А.Т., Айтимбаев М. Т.</i> Научное наследие Валихановых....	75
<i>Арынғазиева Б.Б.</i> Адам болмысындағы қорқыныштың мәнісі.....	81
<i>Құлсариева А.Т.</i> Интеграционный потенциал национальной идеи «мәңгілік ел»	89
<i>Қожабекова З.Е.</i> Қоғамдық өндіріс жүйесіндегі өндірістік инфрақұрылымның орны мен рөлі.....	99

ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ

<i>Абдыханов У. К.</i> Высота нравственных требований М. Алексеева, Ч. Айтматова и Р. Сейсенбаева.....	106
<i>Abramova G. I., Smanova G. I., Abdualiyev T. M.</i> Advertisement: extra-linguistic and pragmatic aspects.....	112
<i>Ермекова Т.Н.</i> «Қыз» концептісіне қатысты тілдік бірліктер	119

<i>Калжанова А.К., Кистаубаев Н.К.</i> Эмотивная лексика в колористическом аспекте.....	126
<i>Каракулова А.М.</i> Sociolinguistic changes in the English language.....	131
<i>Құрбанов А.Г.</i> Қазақ мақал-мәтелдеріндегі стильдік инварианттар.....	139

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ. МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ

<i>Жақсыбекова С.С.</i> Формирование музыкальной культуры личности.....	144
<i>Тұрысқұлов Ө. Ж., Нуралимова Қ. А.</i> Оқушыларға дене шынықтыру сабағында ұлттық ойындарды пайдаланудың технологиясы.....	149

ЖАС ҒАЛЫМДАР ІЗДЕНІСІ

<i>Идиятуллаева Ж.Д., Сартаева Х.М.</i> Даната бақасының (bufo danatensis) қазіргі кездегі систематикалық және гельминтологиялық жағдайы.....	156
<i>Қарсыбай О., Алтынбеков Ш.А.</i> Тригонометриялық теңдеулерді шешуде көбейткіштерге жіктеу әдісін қолдану.....	166
<i>Мұса Ж.Е., Алтынбеков Ш.А.</i> Анықталмаған теңдеулердің нақты түбірлерін табу әдісі.....	167

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕПТЕРДЕГІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ

<i>Абдраимова Ж. Е., Нурмаханбетова Г.К.</i> Орыс мектептерінде мультимедиа құралдарын қазақ тілін оқытуда пайдалану.....	170
<i>Кемешев Д.А., Калыков А.Ш., Ақылбаев Б.М.</i> Бейнелеу өнері сабақтарында оқушыларды көркемдікке тәрбиелеу.....	175
<i>Қозыкеева Р.А., Баймаханова Г.М., Есіркеп А.Б.</i> Химиядан факультативтік сабақты ұйымдастырудың формалары мен әдістері.....	182
БІЗДІҢ АВТОРЛАР	187
НАШИ АВТОРЫ	191

ОҢТУСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ИНСТИТУТА

№3 (05)

Басуға 28.10.2015 жылы қол қойылды. Қаріп түрі «Times New Roman»
Көлемі 12,25 шартты баспа табак. Таралымы 300 дана.«Әлем» баспаханасы.
Тапсырыс №2810. Шымкент қаласы, Ғ.Ляев көшесі, 7

+ 7 702 331 44 37, +7 776 331 44 37

